

С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті

ӘОЖ: 615.322.012

Колжазба құқығында

ӨМІРБАЕВА АЖАР ЕРЕЖЕПҚЫЗЫ

**Бұйра түйетікен (*Carduus crispus*) экстрактысынан дәрілік қалыптар
жасаудың фармацевтикалық аспектілері**

6D074800-Фармацевтикалық өндіріс технологиясы

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
У. М. Датхаев, фарм. ғ. д., проф.
Ю.В. Юдина, фарм. ғ. к., доц.
К.К. Орынбасарова фарм.ғ.к., проф.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМУНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	8
1 ДӘРІЛІК ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫН ҚАЙТА ӨҢДЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ МЕН ОНЫ РАЦИОНАЛЬДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ (Әдебиетке шолу)	11
1.1 Дәрілік өсімдік заттарды пайдаланудың тарихи аспекттері	12
1.2 Қазақстан Республикасының фитохимиялық өнеркәсібінің дамуы	13
1.3 Дәрілік өсімдік шикізатының фармацевтикалық нарығының заманауи жағдайы	18
1.4 Өсімдік текстес дәрілік заттар өндірісі дамуының заманауи тенденциясы мен оларды стандартизациялау ерекшеліктері	20
1.4.1 Дәрілік өсімдік шикізатын стандартизациялау ерекшеліктері	23
1.4.2 Фитопрепараттар өндірісі технологиясының ерекшеліктері	25
1.5 Түйетікен туысы өсімдіктерінің – сипаттамасы, қолдануы мен қасиеттері	26
2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	33
2.1 Зерттеу нысандары	33
2.2 Зерттеу әдістері	35
2.2.1 Химиялық зерттеу әдістері	35
2.2.2 Морфолого – анатомиялық зерттеу әдістері	38
2.2.3 Фармакологиялық зерттеу әдістері	38
2.2.4 Микробиологиялық зерттеу әдістері	39
2.2.5 Фармако – технологиялық зерттеу әдістері	41
3 БҮЙРА ТҮЙЕТІКЕН ШӨБІН ФАРМАКОГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ	44
3.1 Бүйра түйетікен ДӨШ морфологиялық талдауы	44
3.2 Бүйра түйетікен дәрілік өсімдік шикізатының микроскопиялық талдауы	48
3.3 Бүйра түйетікен шөбінің химиялық құрамын зерттеу	55
3.4 Бүйра түйетікен шөбінің стандартизациясы	62
4 БҮЙРА ТҮЙЕТІКЕН ШӨБІНЕҢ ҚОЮ ЭКСТРАКТЫСЫН АЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ГРАНУЛАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ	68
4.1 Бүйра түйетікен шөбінің технологиялық параметрлерін анықтау	68
4.2 Бүйра түйетікен шөбінің қою экстракттысын алу технологиясын жасау	69
4.3 Бүйра түйетікеннің қою экстракттысының стандартизациясы	75

4.4 Түйетікен шөбінің қою экстрактысын грануляциялау процессін зерттеу	80
4.5 Бұйра түйетікен шөбінің экстрактысы негізінде гранулаларды алу технологиясы	84
4.6 Қою түйетікен экстрактысының негізде дайындалған гранулаларды стандартизациялау	87
5 ТҮЙЕТИКЕН ЭКСТРАКТЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕГІ ГРАНУЛАЛАРДЫҢ ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІН ЗЕРТТЕУ	90
5.1 Түйетікеннің қою экстрактысының және грануласының жедел токсикалығын анықтау	90
5.2 Түйетікеннің қою экстрактысының және грануласының қабынуға қарсы белсенділігін зерттеу	93
5.3 Түйетікеннің қою экстрактысының (төрт хлорлы оттегіден туындаған жедел гепатит үлгісінде) гепатопротекторлы белсенділігін зерттеу	95
5.4 Бұйра түйетікен экстрактысының антимикробты белсенділігін зерттеу	96
ҚОРЫТЫНДЫ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДІБІЕТТЕР ТІЗІМІ ҚОСЫМШАЛАР	98 100 113

НОРМАТИВТІК СЛТЕМЕЛЕР

ҚР ММБС 5.04.034-2011	Мемлекеттік білім стандарттары. Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру. Докторлық. Негізгі ережелер (2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 жылғы өзгерістер мен толықтырулар)
МемСТ 1770-74	Өлшеуіш лабораториялық шыны ыдыс. Цилиндрлер, мензуркалар, колбалар, пробиркалар және сынау әдістері
МемСТ 7625-86 Е	Этикеткалық қағаз.
МемСТ 7933-89 Е	Тұтыну тарасына арналған картон. Жалпы техникалық шарттар
МемСТ 17768-90 Е	Дәрілік заттар. Орамдау, таңбалау, тасымалдау және сақтау
МемСТ 24104-88	Лабораториялық жалпылама қолдануға арналған және үлгі таразылар. Жалпы техникалық шарттар
МемСТ 25336-82	Лабораториялық шыны ыдыстар мен қондырғылар. Типтері, негізгі параметрлері мен өлшемдері
ӘН 09140.07-2007	Әдістемелік нұсқаулықтар. Жаңа субстанциялар мен дайын дәрілік құралдардың тұрақтылығын зерттеу және жарамдылық мерзімін анықтау
ҚР МФ Т.2	Тазартылған су

АНЫҚТАМАЛАР

Көмекші материалдар - дайын өнімнің өндіріс үрдісінде қолданылатын, бірақ дәрілік зат ретінде жеке қолданыла алмайтын заттар мен материалдар.

Дайын өнім - орамдау және безендіруді коса, технологиялық үрдістің барлық сатысынан өткен өнім.

Тұрактылықты ұзақ мерзімдік сынау (шынайы уақытта сынау) - сактау мерзімін бекіту мақсатында жүргізілетін сынақ немесе қайта бақылау мерзімі, сактау шарттарын бекіту, дәрілік затты сактау шарттарына қойылатын талаптарды жасау.

Өндіріс үрдісін бақылау - өндіріс кезіндегі технологиялық үрдісті бақылау (сатылық бақылау, қоршаған ортаны бақылау, қондырылар тазалығын бақылау және т.б.) мақсатында жүзеге асырылатын және технологиялық параметрлердің қажеттілігі туындағанда түзету және нормативті құжаттар талаптарына дайын өнім сапасының сәйкес болуын қамтамасыз ететін бақылау түрлерінің жиынтығы.

Дәрілік қалып - дайын өнім қалыбы.

Материалдық баланс - теориялық мүмкіндік пен тәжірибелік алынған дайын өнімнің түсімін салыстыру.

Субстанция - өсімдік шикізатынан органикалық еріткіштермен экстракциялағанда бөлінетін биологиялық белсенді заттар кешені.

Өндірістің технологиялық сызбасы - технологиялық үрдістің бірізділігін және сатылар арасындағы байланысты көрсететін сызба.

Сапа спецификациясы - сапа көрсеткіштерінің тізбесінен және олардың ауытқу нормаларынан, сондай-ақ сынақ әдістеріне сілтеме жасаудан тұратын құжат.

Дәрілік өсімдік шикізат - жас немесе кептірілген өсімдіктер немесе олардың дәрілік заттарды өндіру немесе дайындау үшін пайдаланылатын бөліктері.

Тиісті өндірістік практика - тіркеу дерекнамасының талаптарына және олардың тағайындалуына сәйкес стандарттар бойынша дәрілік заттардың өндірісі мен сапа бақылауға кепілдік беретін сапамен қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі.

Микробиологиялық тазалыққа зерттеу - тіршілікке қабілетті бактериялар мен санырауқұлақтарды сандық анықтау, және де стерильді емес дәрілік заттарда болуы мүмкін емес микроагзалардың белгілі түрлерін анықтау.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЛАТ	- аланинаминотрансфераза
АҚ	- акционерлік қоғам
АНҚ	- аналитикалық нормативті құжат
АФФ	- Алматы фармацевтикалық филиалы
АҚШ	- Америка құрама штаты
ББЗ	- биологиялық белсенді заттар
БДСҰ	- біріккен денсаулық сақтау ұйымы
ЖҚХ	- жұқа қабатты хроматография
ЕПА	- ет пептонды агар
ГЦ	- гемилцеллюлоза
Г	- грамм
ДК	- диенді конъюгаты
ДДҰ	- дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ДӘ	- дәрілік өсімдік
ДӘШ	- дәрілік өсімдік шикізаты
ДҚ	- дәрілік қалып
ҚР МФ	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы
ЖШС	- жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚАЗҰМУ	- Қазақ Үлттүк медицина университеті
КГ	- қалпына келтірілген глутацион
ҚР	- Қазақстан Республикасы
см	- сантиметр
СЕПС	- суда еритін полисахаридтер
CCl ₄	- тетрахлорметан
л	- літр
ЛАТ	- липидтердің асқын тотығу
м	- масса
МемСт	- Мемлекеттік Стандарт
Мкг	- микрограмм
Мкл	- микролитр
Мм	- миллиметр
МФ	- мемлекеттік фармакопея
МДА	- малон диальдегиді
МКЦ	- микрокристалды целлюлоза
МЦ	- метилцеллюлоза
нм	- нанометр
НТҚ	- нормативтік техникалық құжат
ОҚМФА	- Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтикалық Академиясы
УК	- ультра күлгін

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Отандық фармацевтикалық өндірісті дамытуға бағытталған «Қазақстан – 2050» Стратегиясында [1], Қазақстан Республикасының Мемлекеттік саясаты Денсаулық сақтауды дамытудың «Саламатты Қазақстан» 2011-2015 жыл [2], 2010-2014 жылдарға Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту [3], 2010-2014 жылдарға Қазақстанның индустрIALIZАЦИЯ Картасы Мемлекеттік [4] бағдарламаларының көмегімен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық бағдарлама аясында өнеркәсіпті дамыту, дәрілік заттардың бірегей шикізат базасының болуымен, жинақталған химия, медицина мен фармация аясында елеулі ғылыми-техникалық потенциал мен дәрілік өсімдік шикізатын өндіруге, отандық өндірістегі өсімдіктерден дәрілік заттар субстанциясын өндіруге бағытталған фитохимиялық өндірісті дамыту арқылы жүзеге асыру тиімді және онтайлы болады.

Оңтүстік Қазақстанның өсімдік ресурстарын медициналық және фармацевтикалық саласында онтайлы пайдалану үшін көптеген өсімдіктер зерттелген. Соның ішінде, түйетікеннің бірнеше түрлері қазіргі кезде фармацияда белсенді заттарды алуға кеңінен қолданылады. Бірақ, Оңтүстік аумақта кең тараган, Бұйра түйетікен аз зерттелген және қолданбайды.

Сондыктан, бұйра түйетікен (*Carduus crispus L.*) өсімдігін толығымен зерттеу, одан фармакологиялық белсенді заттарды бөліп алу, олардың негізінде жана дәрілік препараттарды жасау *өзекті* болып табылады және фармацевтикалық ғылымның заманауи міндеттеріне сәйкес келеді.

Зерттеудің мақсаты

Carduus crispus L бұйра түйетікен дәрілік өсімдік шикізатын стандартизациялау және оның негізінде дәрілік қалыптарды жасау.

Зерттеудің міндеттері

1. Бұйра түйетікен шебіне фармакогностикалық зерттеу жүргізу және оның стандартизациясын жасау.

2. Бұйра түйетікен кою экстрактысын алу технологиясын жасау және алынған өнімге стандартизациясын жүргізу.

3. Бұйра түйетікен экстрактысының фармакологиялық белсенділігін зерттеу.

4. Бұйра түйетікен шебінен алынған кою экстрактыдан катты дәрілік түр ретінде дайындалған гранулалардың құрамы мен технологиясын зерттеп жасау, олардың тұрақтылығын зерттеу және стандартизациясын жүргізу.

5. Бұйра түйетікен кою экстракты негізінде гранулаларға НТҚ құрастыру.

Зерттеу нысаны

Зерттеу обьекті ретінде Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында вегетация кезеңінде жиналған Бұйра түйетікен (*Carduus crispus L.*) шебі пайдаланылған, Бұйра түйетікен кою экстрактысы және кою экстрактысынан алынған гранулалар.

Зерттеу әдістері

Жұмыс барысында ҚР МФ ұсынған дәстүрлі және заманауи физикалық-химиялық әдістер пайдаланылды. ББ3 сапалық құрамы мен сандық мөлшері гравиметрия, жұқа қабатты хроматография (ЖКХ), жоғары эффективті сұйық хроматография, спектрофотометрия әдістерімен анықталды. Тұрақтылық зерттеулері ұзақ мерзімді зерттеу әдісімен жүргізілді. Экстракттарды алу үшін дәстүрлі және заманауи әдістер пайдаланылды.

Органолептикалық, фармако-технологиялық, хроматографиялық, спектрофотометриялық, микробиологиялық, фармакологиялық зерттеулері үшін дәстүрлі зерттеу әдістері жұмыста қолданылған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Алғаш рет бұйра түйетіken шебіне кешенді фармакогностикалық зерттеу жүргізілді, соның нәтижесінде осы өсімдіктің морфологиялық пен микроскопиялық түрішілік айырмашылық белгілері анықталды. Шикізатты жинап алу мерзімдері анықталды және оның құрамындағы flavonoидтардың суммасын сандық бағалау әдістемесі жасалып ұсынылды. Бұйра түйетіken шебіне стандарттау жүргізілді.

Алғаш рет бұйра түйетіken қою экстрактысының алу оңтайлы технологиясы жасалынды және оған ҚР МФ сәйкес стандартизациялау жүргізілді.

Алғаш рет бұйра түйетіken қою экстрактысының негізінде «Гепатогран» шартты атаулы гранулалар түріндегі дәрілік қалып алынды және ол ҚР МФ сәйкес стандартизацияланды.

Өсімдік шикізатының және ұсынылған дәрілік препараттардың тұрақтылығы зерттелді, нәтижесінде Бұйра түйетіken шебі тиісті жағдайда (сақтау температурасы (25 ± 2) °C, салыстырмалы ылғалдылық (60 ± 5) %) сақтау процесінде ББ3 2 жыл бойы сақталғандығын көрсетti.

Бұйра түйетіken қою экстрактысымен оның негізінде жасалған дәрілік заттардың фармакологиялық белсенелілігіне зерттеулер жүргізілді, олар қабынуға қарсы және гепатопротектор қасиетін анықтауға мүмкіндік берді. Жасалған дәрілік заттарды токсикалық сынақтан өткізу барысында алынған нәтижелері арқылы оларды уыттылығы бойынша V класына жатқызуға мүмкіндік анықталды.

Бұйра түйетіken қою экстрактысының және гранулалардың биологиялық белсенді заттардың (ББ3) сандық көрсеткіштері және сапалық құрамы анықталды әдістері ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Бұйра түйетіken шебінен қою экстрактысының алу және одан гранулаларды дайындау технологиялалары жасалынды, өсімдік шикізаттың, оның қою экстрактысын және дайындалған гранулалардың стандартизациялау әдістемелері ұсынылды, олардың сақтау мерзімдері анықталды. Шымкент қаласындағы «Химфарм» АҚ базасында зертелген препараттардың: қою экстракты мен гранулалардың тәжірбелік сериялары алынды.

Жүргізілген зерттеулер негізінде нормативті техникалық құжаттар – бұйра түйетіken шебіне, қою экстрактысына және гранулаларға АНҚ жобалары,

технологиялық регламенттер әзірленді және зерттеулер нәтижелеріне сәйкес пайдалы модельге тапсырыс берілді.

Қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері

- Зерттеу өзектілігінің дәйектемесі.
- Бұйра түйетікен шебінің фитохимиялық және фармакогностикалық зерттеу нәтижелері.
- Бұйра түйетікен шебінен биологиялық белсенді заттарды экстракциялау үшін оптимальды параметрлерді тандау бойынша зерттеулердің және қою экстрактиның рационалды технологиясын жасаудың нәтижелері.
- Бұйра түйетікеннің қою экстрактысынан гранулалардың рационалды технологиясын жасаудың нәтижелері.
- Жасалынған дәрілік қалыптардың тұрақтылығын зерттеу және стандарттау нәтижелері.
- Жасалынған дәрілік қалыптарға фармакологиялық зерттеулердің нәтижелері.

Жұмыстың аprobациясы

Диссертациялық жұмыс нәтижелері Алматы, Шымкент, Харьков Днепропетровск, Одесса, Вильнюс, Дубай, Запорожье, халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында ұсынылған.

Жарияланымдар туралы деректер

Ғылыми зерттеу нәтижесі бойынша 22 мақала жарық көрді, оларды атап айтсак:

- Thomson Reuters және Scopus базаларына кіретін халықаралық журналдарға 2 мақала шығарылды;
- ҚР БГМ КБС тізіміне енетін 4 мақала шығарылды;
- халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда 14 мақала жарық көрді (Рессей, Украина, Дубай, Вильнюс, Қазақстан);
- 1 мақала шетел халықаралық журналдарында жарық көрді;
- 1 мақала РИНЦ базасына кіретін журналында жарық көрді;

Диссертацияның құрылымы мен қолемі: Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспе, әдеби шолу, зерттеу материалдары, тәжірибе нәтижелерді талқылау, қорытындыды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертация компьютерлі мәтінмен терілген 126 беттен тұрады, 18 сурет және 30 кестемен көркемделген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 150 отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектерін құрайды. Қосымшалар А әріпінен Е әріпінә дейін тіркелген.

1 ДӘРІЛІК ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫН ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ МЕН ОНЫ РАЦИОНАЛЬДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ (Әдебиетке шолу)

Әлемнің көптеген елдерінде өсімдікten жасалған дәрілік заттарға қызығушылығы артуының тұрақты тенденциясы байқалады, бұл көптеген позитивті қасиеттердің болуымен түсіндіріледі: шынайы тиімділігі, қауіпсіздіктің жоғары деңгейі, басқа өсімдік және синтетикалық препараттармен рациональды үйлестіру мүмкіндіктері, бағалық кол жетімділік, фитопрепараттарды ұлken көлемде дәстүрлі түрде қолданатын елдер халқының менталділігі.

1.1 Дәрілік өсімдік заттарды пайдаланудың тарихи аспекттері

Адамзаттың тіршілік етуінде қартайған шағына дейін аурусыз, толық сергектік пен шығармашылық қызметке үмтүлған. Біздің уакытымызға дейін, көптеген мыңжылдықтар бойы дәрілік өсімдіктердің адам үшін жалғыз және негізгі дәрі болғанын дәлелдейтін көптеген археологиялық болжам мен тарихи дәлелдеулер табылған. Дәрілік өсімдіктерді пайдалану эмпириялық сипатта болды, бірақ әртүрлі елдерде дағдылардың жиналуына қарай медицина бағыты да дамыды.

Откеннің мұрасын зерттеу, рецептерге талдау жасау мен орыс, тибет, үнді, грек және басқа медициналық мектептерде: ауруларды емдеуді сипаттаудан тұрады. Емдеу хатаммалары, мұражай материалдарын экспертті және статистикалық өндеу бұл дәлелдерді ғылыми деректерге айналдырады [5]. Дәрілік өсімдіктердің емдік тиімділігі туралы мұқият жиналған мәліметтер бүгінгі таңда құны жок қазына. Олар көпжылдық фармакологиялық зерттеу нәтижесі болады. Бұл тәжірибе – жаңа тиімді өсімдіктің дәрілік заттарын тұрақты іздеу үшін идея көзі болып табылады [6].

Дәрілік өсімдіктерді пайдаланудың асқан дамуы Египетте, Грецияда, Қытайда, Үндістанда болды. Әрбір елдің дәрілік өсімдіктерді пайдаланудың өз ерекшеліктері бар. Ежелгі Грецияның ұлы дәрігері Гиппократ, дәрілік заттар өзінің әсер етуі, барлық құрамдас бөліктерінің белгілі қатынасына байланысты, сондықтан өсімдіктерді табиғи түрінде пайдалану қажет деп есептейді [7]. Медицинаның ең нақты анықтамасы да Гиппократқа тиесілі: «Медицина табиғаттың емдеу қасиетін көрсететін өнер» [8]. Өзінің ғылыми еңбектерінде ғалым 250 дәрілік өсімдіктерді сипаттаған [9]. Гиппократ және оның ғылыми мектебінің оқушылары өз тағайындауларында дәрілік өсімдіктерді кеңінен пайдаланған, ал философтарға ми қызметін жақсарту үшін жалбыздан жасалған гүлтәжін тағып журуге кенес берген [10].

Гиппократқа қарама-қарсы рим ғалымы Клавдий Гален, әрбір дәрілік өсімдік екі бөліктен тұрады деп тұжырымдады. Олардың бірі пайдалы, ал екіншісі пайдасыз, кей кезде қауіпті болуы мүмкін [11]. Пайдасыз бөлігі сұйықтықка беріледі, сондықтан оны кептірілген шикізаттан жою қындық туыннатпайды. Фототерапия дамуының тарихында алғаш рет қайнатпа, тұнба, тұндырма және басқалары түріндегі дәрі түрлерін алу негізделді. Клавдий

Гален фармацевтикалық қызметті медициналық қызметтен бөлуге тырысқан [12]. Ол өз уақытында техникалық мүмкіндіктерге сәйкес дәрілік препараттарды алуды жасап, сипаттаған. Олардың технологиясы негізінде әртүрлі физика-механикалық үдерістер табылған: ұсақталу, шырынын шығару, сумен, шараппен, сірке суымен қайнату, арапастыру және соған ұксас. Клавдия Гален аты мәңгіге есте сақталды және біздің заманымызға дейін, галенді сияқты, дәрілік өсімдік шикізатының экстракциясы жолымен алынатын, препараттар атауы сақталған [13].

Орта ғасырда дәрілік өсімдік туралы ғылымның дамуына үлкен үлесті Парашельс енгізді, ол әрбір өсімдікте, белгілі мөлшерде оның биологиялық әсер етуін қамтамасыз ететін ерекше заттан тұрады деп есептеген. «Барлығы у, және ешинарсе онсыз болмайды. Барлығын мөлшері шешеді» - Парашельстің кеңінен танылған пікірі, дәрілік өсімдікті пайдалану жан-жақты зерттеу мен ғылыми негізделген жолдарды талап ететінін растайды [14]. Парашельс өсімдіктің таңдауда сигнатуралар туралы ғылымды ұстанған, оған сәйкес, өсімдіктің сыртқы белгілері (түсі, иісі, түрі, пішіні, дәмі мен басқалары) оны қолданатын ауруды көрсетеді [15].

Арабтың ұлы ғалым-энциклопедисті Авиценна, орта ғасыр ғылымының оннан жоғары аумағын қамтитын, ұрпақтарына бай мұра қалдырған [16]. Авиценна дәүірі, әртүрлі теориялық және тәжірибелік пәндерден көп материал жинақтаған [17]. Мақсаттылық пен жігерлік, тұрақты ғылыми ізденістер мен тыныссыз еңбектену ғалымға медицина мен биологиядан көптеген еңбектер жазуға көмектесті [18]. Өзінің дарындылығын көрсетпеген медицина аумағын атау қынға соғады. Авиценаның медициналық мұрасының 59 атауы есептелген, оның бір бөлігі ізсіз жоғалып кеткен. Бұкіл әлемге әйгілі «Лекарственные средства» («Ал-Адвият ал қалбия»), «Поэма о медицине» («Урджуса фит-тиб»), «Руководство из медицины», «Свод рецептов», «Поэма о сохранении здоровья», «Поэма о клятве Гиппократа» және басқалары [19]. «Канон врачебной науки» («Китаб ал-Канун фи-т-тибб») кітабында орта ғасырдың теориялық және тәжірибелік медицинасымен байланысты сұрақтар қамтылған [20].

Сонымен катар, «Канонның» екі кітабында шикі дәрілік, дәрілік құрамдар, оларды қолдану мен дайындаудың тәсілдеріне сипаттама берілген. Канонда 2600 дәрілік құрамдар көрсетілген, оның 1400 – шөптік түп-тегі туралы [21].

Ежелгі Ресейдің халық медицинасы ерекше жолмен дамыды. Халықта, әрбір адамның жетпіс жеті ауруы бар, және әрбіреуінің емдейтін шөптері бар деген пікірі болған. «Әрбір аурудың өзіне тән өсімдігі (зелье) шығады» - деп ежелгі Ресейде айтқан. Дәрілік, тағамдық, азықтық қоспаларды кеңінен қолданып, емдік өсімдіктерді, сулар мен оқ дәрілерді және басқаларын дайындаған [22]. Емдеумен тәуіптер мен шөппен емдейтін емшілер айналысқан. Кейінрек дәрілерді шөптік, және москательді орындарда шығара бастады, олар дәріханалар мен зауыттардың бірінші түрлері болған. Дәрілік заттарды емдеу мақсатында пайдаланудың ең бай тәжірибесін шөппен емдеу кітаптарында, емдік кітаптарда, вертоградтарда жазылған, олар уақыт қатты өзгеріске ұшырап, жана мәліметтермен толықтырылып отырған [23]. I Петр кезінен

дәрілік өсімдіктерді пайдаланудың ерекше өркендеуі, өсімдікті үлкен көлемде дайындау, мемлекеттік іске айнала басталған [24].

Химияның дамуы дәрілік өсімдіктерді ғылыми зерттеуге бастау болып, биологиялық белсенділікке бірқатар химиялық заттардың бөлінуіне мүмкіндік берді[25]. Бірак біраз жылдар бойына химия - фармацевтикалық өндіріс саласы болмады[26]. Бұл тарихи ерекшелікпен, бастысы, дәріхана артықшылығы - дәрілік заттардың өндіруге, тек дәріхана ұйымдарына мүмкіндік беретіні, яғни, дәріхана иелерінің мұддесін қорғаумен байланысты болды [27]. Дәрілік заттарды өндіретін кәсіпкер дәріхананы сатып алуы тиіс, онымен қоса, аса қымбат тұратын дәріхана мүмкіндіктерін де сатып алуға тиіс болған. Кейін дәріхана зертханасы ретінде, гален препараттарының немесе баска дәрілердің кішігірім индустримальды өндірісін дамытты [28]. Дәріхана иелерінің қарама - қарсылығы 1898 жылы 11 мамырда қабылданған арнайы бұйрықпен бұзылды [29], онда, тек фармация магистры немесе жоғары химиялық білімі бар мамандар басқаруы қажет деген шартпен күрделі фармацевтикалық препараттарды ерекше фабрикаларда, зертханаларда, зауыттарда жасауды енгізуге мүмкіндік берді [30]. Бұл фармацевтикалық өнеркәсіп дамуының бастауы болды.

Екінші Әлемдік соғыс кезінде, басқа елдерден дәрілік заттармен қамтамасыз ету тоқтаған және оларға деген әскери ведомствалардың сұранысы артқан кезде, отандық дәрілік заттарды өндіру өзекті мәселе болды. Химия – фармацевтикалық өнеркәсіптің жан – жақты дамуы XX ғасырдың 20-30 жылдарында басталды. Мәскеуде «Акрихин», Киевте М.В. Ломоносов атындағы, Харьковта «Красная звезда» және «Здоровье трудящимся» үлкен зауыттары салынды.

2 – ші Дүние жүзілік соғыс уақытында, басқа елдерден дәрілік заттармен қамтамасыз ету тоқтатылған кезде, оларға деген

1.2 Қазақстан Республикасының фитохимиялық өнеркәсібінің дамуы

Қазақ халқы көптеген мыңжылдықтар бойында адамды емдеуде халық медицинасының бай тәжірибесін пайдаланған. Мистикалық амалдар мен емдеу салттарымен қатар, сол уақыттың Еуропа мен Ресей медицинасына белгісіз көптеген, шөптер мен тамырлардан жасалған дәрілік препараттарды адамдар кеңінен пайдаланған [3,20,74,83].

XVII ғасырда адамдарды емдеумен сауатсыз, білімсіз және пайдакор тәуіртер, дазандар, баксылар мен емшілер айналысқан. Олар өздігінен үйренген тәжірибеші болған және кейбір мәліметтер мен емдеу дағдыларын өз туысқандарына қарап алған. XVIII ғасырда Ресейде тәуіртердің қолданатын, жабайы «емдеу» әдістері Ресей баспасының А. Васильев, А.А. Диваев, Драгендорф, В. Милятин, К.И. Скрябин және екінші авторлар мақалаларында және «Қазақстан денсаулық сақтау тарихының очеркі» кітабында сипатталған. Сонымен, мысалы, туберкулез, қан аздық, буын аурулары кезінде науқастарды бір тәулікке жаңадан сойылған қойдың терісіне ораған, құлақ аурулары кезінде құлаққа ыстық балауыз құйған. Көбінесе бұндай «емдеу» амалдары сыртқы және ортаңғы құлақтың құйігімен, қаңқа ішілік және екіншілік асқынулармен,

кей кезде науқастың өліміне алып келетін. Науқастарды емдеумен, тәуілтерден басқа, діни – магиялық амалдарды қолданатын молдалар да айналысқан. Олар ауруды Алланың қаһары, адам ағзасына «жауыз, мейірімсіз рух» кіріп алған және т.б. деп түсіндірген. Әртүрлі ауруларды Мекке мен Мединадан алып келген қасиетті тастармен, дуалаумен, бойтұмар, тұмарлармен емдеген [49,74,83].

Орта Азия мен Қазақстан халқы ежелден бері Қытаймен, Египетпен, Гречия және Риммен, кейінірек – Ресеймен, сауда байланысында болған. Бұл байланыс халық медицинасының ерекшелігін сақтауда өз ықпалын тигізді [49].

Қазақ халық медицинасында дәрілерді бірқатар дәрілік өсімдіктерді дайындау тәсілдері туралы 1841 жылы, қазақ даласындағы экспедицияға қатысқан орыс штаб – емшісі А. Ямгин жазған [4]. Автордың айтуы бойынша дәрілер көбінесе өсімдіктерден жасалған. Олар денсаулықты нығайтатын, жылытатын, сергітетін және іш айдайтын деп бөлінген. Мысалы, асқазан мүшелері ауруында рауғаш, созылмалы іш өту кезінде – иір, әлсіз ас қорыту кезінде – үш жапырақты сүбеде, зәр шығуы қындаған кезде аршаны және т.б. пайдаланған. Әдеби деректер бойынша, халық медицинасында қолданылатын, өсімдік әлемінің дәрілік заттары арсеналында жемістер мен тұқымдар, одан кейін тамырлар мен тамыр сабактар басымырақ болды.

Қазақстанның халық медицинасында Кузьмичтің шөбі (қазақшасы – «қылشا») қымыздық, асқазан – ішек жолдарының дәрісі ретінде – қарандыз қолданылған. Құрғақ жөтел кезінде мия тамырының тұнбасы, карапайым жөтел кезінде – бұршакқынды бұрыштың («слой - дар») тұнбасын қолданған. Қазақтар мендуананы, чилибуха мен көптеген екінші дәрілік өсімдіктерді пайдалану жолдары белгілі болған. Қазақ халық медицинасы, ғылымға, ішек құртқа қарсы өте жақсы әсер ететін дәрі – дерменені енгізді, қазақтар, дермене гүлшоғырларын антигельминтті дәрі ретінде ежелден пайдаланған. Дәрілік зат ретінде қымыз да кеңінен қолданылды, оны қазірге дейін бір қатар ауруларды емдеуге қолданады [17,25,39,49,74,83].

Революцияға дейінгі Қазақстанда дәрімен қамтамасыз етуді дамытуға 1884 жылы Чимкент сантонин зауытының ашылуы ерекше ықпал етті. Оны орыс көпестері Н.И. Иванов пен Н.П. Савинков, құнды антигельминтті зат – сантонинді алу максатында дермене жусанның жабайы өсетін жерінде ашқан. Сол кезде сантонин Қазақстанда өндірілетін жалғыз дәрілік өнім болған. Чимкент сантонин зауытының ашылуы Қазақстанның фармацевтикалық өндірісінің құрылуында прогрессивті роль атқарды [17,25,49,83].

Бірінші бес жылдықта Чимкент фармацевтикалық зауыты Қазақстанның фармацевтикалық өндірісі дамуының базасы болды. Зауыттың шикізат базасын зерттеу мен дамуына Орта азиялық университет, Д.И. Менделеев атындағы Мәскеу химико – технологиялық институты, және де, атақты кеңес химик – ғалымдары А.П. Орехов, А.Н. Бах, А.Е. Чичибабин жұмылдырылды. Алғаш рет Қазақстанда жана фитохимиялық өндірісті менгеру мүмкіндігі пайда болды. 1938 жылы Чимкент химфармзауыты шығаратын дәрілік препараттар номенклатуrasesы 14 атауға артты [3,34,41,49].

Қазақстан Республикасында ССРО құлағаннан кейін және шаруашылық байланыстар үзілгеннен кейін республиканың дәрілік заттарды қажет етуінң шамамен 3% өз өндірісінің есебінен қанағаттандырыды. Дайын дәрілік заттарды дайындауға емес, шикізатты дайындауға жоспарланған отандық фармөндіріс, капсуулаландыру мен ампуулаландыру сияқты дәрілік шикізатты қайта өндеудің жоғары технологиялық тәсілдері мен дәрілік заттарды қаптауды жүзеге асырмады.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық саласын ұйымдастыру бойынша Үкімет қабылдаған шаралар, фармацевтикалық препараттар мен медициналық техника өндірісі аясында позитивті өзгерістердің негізі ретінде болды. Қазіргі таңда фармацевтикалық қызмет ету нарығы табыстылар қатарына жатады, өйткені, фармацевтикалық нарық қалыптасқан, нарықтағы жағдай тұрақты. Нарық тұрақтылығы номенклатура бойынша дәрілік заттардың кең ұсынысымен және алыс және жақын шет елдер фармацевтикалық өндірушілерінің қатысуымен анықталады. Бұл нарықтағы аса ірі өндірушілер қатарына «Химфарм» АҚ жатады, Қазақстанда шығарылатын барлық дәрілік заттардың 65% оның үлесіне тиесілі. «Химфарм» АҚ 24 фармакологиялық топтың дженериктері мен оригиналды дәрілік препараттардың 200 астам атауын өндіреді. Кәсіпорын өнімі Болгарияға, Ресейге, Өзбекстанға, Қыргызстанға, Тәжікістанға экспортталауды. Бұл елдерге экспорттаудан басқа, Монголия, Румыния, Молдавия, Афганистанда, Түркменістанда кәсіпорын препараттарын тіркеу жүргізілуде [3,20,35,49,61].

Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға форсирленген индустримальды – инновациялық даму бойынша Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында Үкімет каулысымен 2010 жылдың 4 шілдесінде 2010-2014 жылдарға арналған Фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту бойынша Салалық бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты 2014 жылдың аяғына ішкі нарықты отандық дәрілік заттармен 50% қамтамасыз ету. Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша іс – шаралар жоспарында 11 іс - шара карастырылған, оның 2 аяқталған, орындалу сатысында 9 іс - шара бар.

Саланың даму көрсеткішіне келетін болсақ, жалпы қосылған құн көлемі 2008 жылдан 5 есе, 4,1 млрд. теңгеден 20,3 млрд. теңгеге дейін өсті. Негізгі фармацевтикалық өнім өндірісінің өсуі номинальды көрсеткіште 3 есе артқан, 11,3 млрд. теңгеден 33,5 млрд. теңгеге дейін, бұл антибиотиктер өндірісі көлемінің 4 есе (3,3 тоннадан 13,6 тоннаға дейін), гепатопротекторлардың (бауыр препараттары) – 3 есе, құрамында пенициллин бар дәрілердің 9 есе, жөтелге қарсы препараттардың 3 есе артуымен байланысты. Медициналық бұйымдар бойынша елде медициналық бұйымдардың барлық түрлерінің (бетперде, қолғап, шприц, система және т.б.) өндірісі жолға қойылған және кейбір медициналық бұйымдар – шприцтер, медициналық кім, хирургиялық қолғаптар Қазақстанның ішкі нарығын толығымен қамтамасыз етеді [8].

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімінде отандық фармацевтикалық өнеркәсіпте қажетті өнім түрлері пайда болды:

- дәрілік препараттар (онкологиялық, кардиологиялық, аллергияға қарсы, вируска қарсы, туберкулезге қарсы, санырауқұлактарға қарсы, антибактериальды);
- медициналық бұйымдар (бір реттік медициналық киімдер, шприцтер және инфузиялық ерітінді құятын системалар, бір реттік қолғаптар, көк тамыр қанын алу мен сактауға арналған бір реттік вакуумды пробиркалар, гинекология бұйымдары);
- медициналық техника (рентген құрылғылары, компьютерлі томографтар, медициналық жиһаз, көзілдірік линзалары).

Индустириализациялау Картасының инвестициялық жобаларының ішінде ірі инвесторларды қызықтыратын жобалар бар:

- Шымкент қаласында – Химфарм АҚ "Polpharma" (Польша) еуропалық фармацевтикалық холдингімен, инъекциялық және инфузиялық ерітінділерді шығару, онкологиялық, вируска қарсы, гастроэнтерологиялық препараттар, антибиотиктер мен басқа GMP халықаралық стандарттары енгізілген терапиялық препараттарды енгізу бойынша жобаны жүзеге асыруда. Қазіргі таңда үш өндіріске GMP стандарты алынған, аналогы Батыс Еуропада жок, 350 млн. ампулаға есептелген ампула шығаратын цех өндіріске енгізілген.
- Алматы қаласында - "Нобел" АФФ АҚ, онкологиялық, диабетке қарсы, гастроэнтерологиялық, вируска қарсы, антибактериальды препараттар мен антибиотиктер шығару бойынша GMP сапасының халықаралық ережелеріне сәйкес түрік компаниясымен алғашқы инвестициялық жобаны жүзеге асырды. GMP стандарты алынды. Компания «Санофи» Франция транс ұлттық компаниясымен Алматы қаласының индустириальды аймағында екінші жобаны жүзеге асыруға кірісті.

- Алматы облысында – "Глобал Фарм " ЖШС "Абди Ибрахим" түрік компаниясымен бірге, сапа ережелеріне сәйкес кардиологиялық, туберкулезге қарсы, гастроэнтерологиялық препараттар мен антибиотиктер өндіру бойынша Алматы облысында инвестициялық жобаны жүзеге асыру мақсатында бірлескен өндіріс құрды.

- Қарағанды облысында – "Қарағанды фармацевтикалық кешені" ЖШС «Фармстандарт» ресей компаниясымен бірге, дәрілік препараттарды шығару бойынша бірлескен жобаны жүзеге асыруда.

Мемлекеттік қолдау шаралары аясында "KAZNEX INVEST" АҚ, экспортқа шығаратын өнімді өндіретін фармацевтикалық кәсіпорындарға тұрақты сервисті және қаржылай қолдау көрсетеді. Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімінде экспортты дамыту мен жылжыту бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде экспортты контракттар жасалып, қазақстандық фармацевтикалық өнімнің шет елдерге жеткізу туралы келісімдерге қол жеткізілді.

Бірақ, бағдарламаның жүзеге асу аясындағы маңызды жетістіктерге қарамастан, қазіргі таңда Қазақстанның деңсаулық сақтау саласы, жаңа стратегияларды енгізумен бірге, перспективті мақсатты нақты болжауға, экономиканың барлық секторларының интеграциясымен, және де дамудың заманауи ғылыми және институциональды технологиясын қолдану негізіндегі, құрылымын ары қарай жетілдіруді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өнеркәсібін дамыту, отандық дәрілік препараттар субстанциясының дәрілік өсімдік шикізатын қайта өңдеуге дәстүрлі бағыты мен республикада жинақталған химия, медицина мен фармация облысында маңызды ғылыми – техникалық потенциалмен және республикадағы дәрілік өсімдіктердің бірегей шикізат базасының болуымен шартталған, фитохимиялық өндірісті дамыту арқылы жүзеге асыру мақсатты және экономикалық тиімді болды. Сонымен бірге отандық фармацевтикалық өнеркәсіп дамуының негізгі приоритеттерінің бірі, өндіріске дәрілік өсімдік шикізатының негізінде бірегей отандық субстанцияларды, оның негізінде дәрілік препараттарды жасау мен енгізу.

Жоғарыда аталған бағдарлама аясында 1997 жылдан 2014 жылға дейін Республикада әлемде аналогы жоқ, бірегей отандық фитопрепараттар өнеркәсіп өндірісіне енгізілді: ісікке қарсы дәрілер "Арглабин", гепатопротектор "Салсоколлин", қабынуға қарсы және жараны жазатын жақпалар "Биалм" және "Калиор", иммунды модульдеуші және вируска қарсы препараттар "Рувимин" және "Гликардин", антидерматикалық препарат "Рамон", антипарадонтозды және қабынуға қарсы препарат "Тополин", терапиялық әсері кең спектрлі "Аквитол", "Кызылмай" және басқалары (барлығы 20 атаудан асады), әртүрлі профилактикалық, дәруменді заттар. Тәжірибелік - өнеркәсіптік база негізінде фитопрепараттарды сериялық шығару жолға қойылған.

Дәрілік заттарды жасау мен оның сериялық шығаруға дейін жеткізудің негізгі мәселесіне, жоғары ғылыми және ресурс көлемділігі, машина құрылышы, химиялық өнеркәсіп сияқты фармацевтикалық өнеркәсіп салаларының республикада жеткіліксіз дамуы жатады.

Қазақстан Республикасында өсімдік текстес дәрілік препараттарды жасау мен өндіру бойынша маңызды ғылыми-техникалық потенциалы, кең көлемді шикізат базасы мен оны ары қарай нығайту мүмкіндіктері бар. Жоғарыда аталған факторлар берілген бағдарламаның тапсырмаларын орындауды шарттайты. Өсімдік текстес жаңа бірегей дәрілік препараттарды жасау мен оны өнеркәсіп өндірісіне енгізу, өндірілетін фармацевтикалық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар ғылыми және ресурсты көлемді болғандықтан, республикадағы қалыптасқан жағдайда, жеке компаниялардың инвестициялауына аз қызығушылық танытады. Бірақ шет елдердің тәжірибесі, бұл жұмыстардың перспективті және приоритетті екендігін көрсетеді. Дамыған шет елдерде бір дәрілік препаратты шығару шығыны 10 миллион АҚШ долларын құрайты. Дегенмен, әлемнің басты фармацевтикалық компаниялары жаңа дәрілік заттарды жасауға өз табысының 25% жұмысайды. Республикадағы фармацевтикалық өнеркәсіптің қалыптасқан инфрақұрылымын ескере отырып, импортталатын субстанциялар (дженериктер) негізінде дәрілік заттарды өндіруге бағытталған, немесе дайын дәрілік заттар өндірісінің соңғы кезеңдерінде (қаптама), және де, республиканың мемлекеттік экономика секторында негізгі ғылыми – техникалық потенциал концентрациясында, бірегей дәрілік заттарды жасау сферасында ғылыми жұмыстарды қаржыландырудың ең тиімді жолы мақсатты мемлекеттік бюджетті қаржыландыру болады.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өнеркәсібінің ғылыми – техникалық потенциалын ары қарай нығайту үшін, дәрілік шикізат негізінде жана импорттық орын ауыстыруыш өмірлік – маңызды дәрілік заттарды жасау мен енгізу үшін Қазақстан Республикасында осы Мемлекеттік Бағдарлама жасалды[11].

Мемлекеттік бағдарламаның орындалуын ресурсты және технологиялық қамтамасыз ету үшін, негізгі приоритет, бірегей технологиялық құралдар, приборлар мен материалдарды шығаратын отандық өндірушілерге берілген, халықаралық серіктестік аясында шет елдік өндірушілерді де жұмылдыру жоспарланып отыр. Бағасы арзан болғанмен, жоғары сапа көрсеткішін қамтамасыз ететін, жоғары технологияларды пайдалана отырып, жергілікті өсімдік шикізатының негізінде жасалатын дәрілік препараттардың бірегейлігі, берілген бағдарлама аясында жасалған препараттардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде және сыртқы нарыққа ары қарай шығаруда шешуші фактор болады.

Отандық фармацевтикалық өнеркәсіп дамуының приоритеттілігін ескере отырып, берілген ғылыми-техникалық бағдарламаны негізгі қаржыландыру мемлекеттік бюджет қаржысынан жүзеге асырылады. Қосымша бағдарламаны жүзеге асыру үшін потенциальды тапсырыс берушілердің қаржылары, несиeler мен басқа да қаржы көздері жұмылдырылады.

Бағдарламаны орындау нәтижесі, Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өнеркәсібінің өндірістік базасының қалыптасуы мен дамуы, өндіріс көлемінің және бірегей дәрілік препараттар ассортиментінің кеңеоі болады, бұл Республиканың фармацевтикалық нарығында отандық препараттарды арттырып, халықты өмірге қажетті және қол жетімді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.3 Дәрілік өсімдік шикізатының фармацевтикалық нарығының заманауи жағдайы

Заманауи медициналық тәжірибеде өсімдік тектес дәрілік заттар аса маңызды орынға ие. Дәрілік өсімдіктер мен фитохимиялық препараттарды пайдаланудың өзектілігі, бір катар әлеуметтік – экономикалық себептерге байланысты соңғы онжылдықта өсті. Бұл тенденция дәрілік өсімдік шикізатын үлкен көлемде пайдаланатын елдерде ғана емес, химико-фармацевтикалық өнеркәсібі жоғары дамыған, синтетикалық дәрілік заттарды іздеуге кең мүмкіндіктері бар елдерде де пайдаланылады. Өсімдік препараттарының өндірісі мен сатылымын арттыру, әртүрлі елдер халықтарының арасында аурудың алдын алу бойынша ғылыми және медициналық білімін кеңейтуге ықпал етеді. Өмірінің экономикалық деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым фитодәрілер көмегімен аурудың алдын алу мен емдеуге көп кеңіл бөледі. Германияның қоғамдық пікірлерін зерттеу институтының деректері бойынша, сұраққа жауап бергендердің 80% жоғарысы өсімдік препараттарымен емделуді жөн көреді, тек 20% ғана химиялық заттарды сенімді деп санайды [8,19,60,69].

БДСҰ құрамына кіретін биотехнологиялық зерттеу орталығының (Development Center for Biotechnology) деректеріне сәйкес 2013 жылы дәрілік

өсімдік заттарының әлемдік сату көлемі 26 млрд. дол. бағаланды. Келешектегі бірнеше жыл көлемінде осы топтағы препараттар сатылымының орташа жылдық өсімі 6,6% деңгейінде болады деп болжайды [77,84,91,92,93,107]. Өсімдік препараттары әлемдік нарығының негізгі көлемдері 3 регионға шоғырланған: Еуропа - 46%, Солтүстік Америка - 18%, Азия - 3 8%. Әлемде өсімдік тектес дәрілік заттардың бастысы - европалық нарық, көшбасшысы Германия, онда соңғы онжылдықта фитопрепараттарды сату үлесі 50% жақындаған. Бұл елге халық санына өсімдік препараттарының сатылымы деңгейі де жоғары болуы тән (42,9 АҚШ дол.) [107,122,124].

Фармакотерапиялық топқа байланысты дәрілік заттар ассортиментінде фитохимиялық заттардың үлесі кен. Дәрілік заттардың жалпы ассортиментінде фитопрепараттар тағдыры келесідей: сергітетін - 85%, өт айдайтын - 82%, склеротикалық қарсы - 80%, кардиологиялық - 67%, бальнеотерапиялық - 57%, гепатопротекторлы - 53%, урологиялық - 50%, венотұрақтандыруышы - 45%, үйқы шақыратын / седативті - 42%, жетелге қарсы - 39%, іш айдайтын - 34%, иммуномодульдаушы - 30%, спазмолитикалық - 27%, жансыздандырғыш/антиревматикалық - 25%, қабынуға қарсы - 24% [124,139,140,160].

Фитохимиялық препараттарды қолданудың бұндай жоғары деңгейі, табиғи қосылыстарды (алколоидтар, карденолидтер, flavonoидты гликозидтер, ацилкумариндер және т.б.) органикалық химияның жетістіктерін есептемегендеге, синтездеу мүмкін емес немесе экономикалық түрғыдан тиімді еместігімен түсіндіріледі. Өсіреле бұл көптеген табиғи заттардың күші мен сипаттын анықтайдын оптикалық белсенді қосылыстардың конформационды пішіндерін жасаған кезде қажет болады. Сонымен коса, ондай синтез мүмкін болған жағдайда да, өсімдік препараттары, биологиялық әсерін күштейтін негізгі заттар кешенінің болуының арқасында бірқатар артықшылықтарға ие [140,148]. Одан баска, фитопрепараттар тірі жүйеде жасалғандықтан, адам ағзасының алмасу процесіне шектелген түрде қатыса алады, бұл ұзақ уақыт бойына, препараттарды созылмалы аурулар кезінде пайдалануға мүмкіндік береді. Дәл осы себептен, фитохимиялық препараттардың, синтетикалық дәрілік заттармен салыстырғанда аллергиялық реакциялары аз болады. Дәрілік өсімдік препараттары, жеке химиялық қосылыстардан бірінші кезекте, бір бүтінге жинақталған, көптеген биологиялық белсенді қосылыстарының бар болуымен ерекшеленеді. Фитопрепараттар әртүрлі ауруларды кешенді емдеу кезінде кеңінен қолданылады. Олардың бірқатар артықшылықтары бар: токсикалығы тәмен, адам ағзасында оңай сіңірледі, әсер етуінің жайлышы мен сенімділігінен, жанама әсері пайда болуынан қауіптенбей, ұзақ уақыт қолдануға болады [51,52,160,170].

Сонымен, бүгінгі таңда Еуропа елдерінде фитохимиялық препараттар кеңінен қолданылып, әлемдік нарықта елеулі орын алады.

Еуропа нарығы, өсімдік субстанциялары негізінде және де, өсімдік пен химиялық субстанциялар негізіндегі аралас фитопрепараттар негізіндегі өсімдік препараттарының көлемді ассортиментімен сипатталады.

Дәрілік заттар нарығы әртүрлі дәрі түрлерімен сипатталады. Тіркелген

фитопрепараттардың - 50% сүйық дәрі түрлеріне, 22% - қатты ДТ, 7,9 – жұмсақ ДТ, 1,6% - құрғақ ДТ , 18,3% - басқаларына (жинақтамалар, қапталған ДӨШ және сол сияқтылары) тиесілі.

Өсімдік және химиялық субстанциялар негізінде аралас препараттар үшін дәрі түрлерінің құрылымы елеулі ерекшеленеді. Олардың ішінде маңызды бөлігін қатты дәрі түрлері- 35%, сүйық - 42,2%, жұмсақ - 22,2%, суппозиториялар - 0,6% алады. Жұмсақ дәрі түрлері дәрілік заттарының тобының (негізінде жақпалар, суппозиторилер, гельдер және басқалары) бөлшектік үлесі 22,2% құрайды, ал тек өсімдік субстанциялары негізінде препараттар түрі 2,8 есе артық.

Қазақстандық фармацевтикалық нарықта, әлемдік фармацевтикалық нарықтағы сияқты, дәрілік өсімдік шикізатына және дәрілік өсімдік заттарына қызығушылық артуда және олардың сатылым көлемінің позитивті динамикасы да айтартылғай екендігін айта кету қажет.

1.4 Өсімдік текстес дәрілік заттар өндірісі дамуының заманауи тенденциясы мен оларды стандартизациялау ерекшеліктері

Фитопрепараттарға сұраныстың өсуі, технологиялық процесстерді жетілдіру, өсімдік шикізатын дайындауды арттыру, және шикізат базасын рациональды пайдалану сияқты бірқатар сұрактарды шешу қажеттілігіне алыш келді.

Фитохимиялық дәрілік заттардың биологиялық белсенді заттарына, термолабильді өнімдерге жататын әртүрлі химиялық қосылыстар жатады. Одан басқа, өсімдік материалындағы ББЗ массалық үлесі кең-мындық бөліктен ондық пайызға дейін. Осының бәрі әрбір накты жағдайда, көптеген теориялық және тәжірибелік сұрактарды шешу үшін жеке ғылыми зерттеулерді қажет етіп, жаңа препараттарды жасауда және оларды өндіруде оптимальды технологиялық схемаларды жасаудың рациональды көзқарасын қамтамасыз етеді [5,13,26,42,50].

Бастапқы шикізатқа байланысты барлық заманауи галенді препараттарды негізгі үш топқа біркітіруге болады:

- Фитопрепараттар;
- Органопрепараттар (жануар текстес шикізаттан жасалған препараттар, мысалы, гормондар, ферменттер және т.б. препараттар);
- Табигаты мен тағайындалуы әртүрлі кешенді фармацевтикалық препараттар (шәрбаттар, хош иісті сулар, ерітінділер, сабынды – крезольды препараттар және басқалары).

Фитопрепараттар мына топтан құралады:

- 1 Тұнбалар;
- 2 Экстракттар;
- 3 Экстракттар -концентраттар;
- 4 Майлы экстракттар;
- 5 Жана галенді препараттар;
- 6 Балғын өсімдік препараттары (шырыны, экстракттары).

Тұнбалар – бұл қыздырусыз және экстрагенті алынбаған, балғын немесе

кептірілген өсімдік немесе жануар шикізатынан алынатын, сұйық спиртті немесе сулы спиртті сығындылар. Оларды 1:5 қатынасында немесе 1:10 қатынасында дайындайды, яғни, дәрілік өсімдік шикізатының бір салмақты бөлігінен 5 немесе 10 дайын өнімнің көлемді бөлігін алады. 1:10 қатынасын, құрамында күшті әсер ететін заттары бар шикізаттар тұнбаларды дайындау кезінде қолданады [57,60,68,73].

Тұнбалар 14 жүзжылдықта пайда болған және медицина тәжірибесіне (1493-1541г.г.) Парацельс енгізген. Тұнбаны дайындау үшін экстрагент ретінде әртүрлі концентрациялы 20% - дан 90% -ға дейінгі спиртті немесе сулы спиртті ерітінділерді қолданады. Көбінесе 70% және 40% этанол қолданылады.

Экстракттар – бұл галенді препараттардың негізгі және кеңінен тараған тобы. Экстракттар бұл дәрілік өсімдік шикізатының сұйық, катты немесе қою консистенциясының биологиялық белсенді заттарының концентрацияланған сығындысы. Экстракттардағы әсер ететін заттардың концентрациясы өсімдік материалындағы концентрациясына сәйкес келеді немесе одан жоғары болады. Қолданылатын экстрагенттің табиғатына байланысты олар сулы, спиртті, эфирлі, майлы экстракттар және де сұйытылған газдар немесе өте жоғары флюидтер көмегімен алынған экстракттар деп бөлінеді. Консистенциясына байланысты экстракттар сұйық, қою және құрғақ болып жіктеледі [57,60,68,73].

Сұйық экстракттар – 1:1 қатынасында алынған, спиртті немесе сулы – спиртті сығындылар. Сұйық экстракттар – бұл бір бөлігі массасы немесе көлемі бойынша бастапқы кептірілген дәрілік шикізаттың бір бөлігіне эквивалентті болатын препараттар. Бұл препараттарды фармакопеялық мақалаларға сәйкес, еріткіштердің, әсер ететін заттар немесе құрғақ қалдықтың салыстырмалы құрамына қойылатын талапқа сәйкес стандарттайды.

Сараптама схемасы келесідей құрастырылған: бірінші сараптама тобының жануарларына зимозан суспензиясы инъекциясына дейін бір сағат бұрын 25 мг/кг мөлшерінде бұйра түйетіken қою экстрактысын енгізген. Екінші және үшінші сараптама топтарына реферанс – препараттарды енгізген. Төртінші топ – бақылау тобы. Аяқтарының көлемін ісінудің максимальды фазасында – флогогенді енгізгеннен кейінгі 0,5 сағатта өлшеген. Зерттелетін бұйра түйетіken қою экстракт препаратының белсенделілігін ісінудің азауы бойынша есептеп, әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес % көрсеткіште көрсетті. Салыстыру препараттары ретінде кверцетин қолданылды (өндіруші ЖАҚ «Борщаговский химия-фармацевтикалық зауыт», Киев қ, Украина) мөлшері 50мг/кг және силибор (өндіруші ФФ «Здоровье», Харьков қ, Украина) мөлшері 25мг/кг.

Закымдалған бауырдың патологиялық үлгісі ретінде көбінесе тетрахлорметанды енгізген кезде пайда болатын бауырдың өткір майлар дистрофиясы жиі қолданылады. Тетрахлорметан интоксикациясы (CCl_4) гепатоциттердің субжасушалы мембранның закымдануының классикалық үлгісі болып саналады. Бұл ксенобиотиктің токсикалық әсері ағзада оның метаболизмі нәтижесінде бос радикалдардың пайда болуына байланысты. Бұл өнімдер липидтердің асқын тотығының индукаторлары болады (ЛАТ), нәтижесінде бауыр жасушаларының мембранны мен олардың негізгі қызметі бұзылады.

Зерттеулер салмағы 19-25 г ақ тышқандарға жүргізілді. Гепатитті 50 % CCl_4 майлы ерітіндісін 0,1 мл/10 г мөлшерінде пероральды енгізу арқылы туындаатты. Твинмен стабилизацияланған 25 мг/кг мөлшеріндегі бұйра түйетікеннің қою экстрактысын гепатотоксинді енгізгенге дейін бір сағат және кейін бір сағатта енгізген. Салыстыру препараты Силиборды да сол режимде енгізген. Сараптама барысында бауырдағы липидтердің асқын тотығының (ЛАТ) көрсеткіштері ескерлді малон диальдегиді (МДА) және диенди конъюгаты (ДК) [66].

2.2.4 Микробиологиялық зерттеу әдістері

Экстракт үлгілерінің микробқа қарсы белсенделілігін [10,11,145] *in vitro* әдісімен агарға диффузия әдісімен анықтады (құдық әдісі), белсенді әсер ететін заттардың агарға диффундирлеу қабілеттілігіне негізделген. Барлық зерттеулер қатаң асептикалық шарттарда, ламинарлы боксты қолдану арқылы жүргізіледі (биологиялық қауіпсіздік кабинеті AC2-4E1 «Esco», Индонезия).

Тест – мәдениеті ретінде Американ типті мәдениетінің коллекциясынан микроағзалар қолданылды (ATCC – American Type Culture Collection): грам он бактериялар *Staphylococcus aureus* ATCC 25293, споралы мәдениет *Bacillus subtilis* ATCC 6633, грамм теріс мәдениет *Escherichia coli* ATCC 25922.

Антифунгальды белсенділікті ашытқы тәрізді саңырауқұлақ - *Candida albicans* ATCC 885-653 қатынасында анықтады.

Микробқа карсы белсенділік көрсеткішіне, тест – микроағзалардың өсуінің тежелу зонасы болды, ол Петри табақшасында агариизирленген қоректендіргіш ортада пайда болған. өсуінің тежелу зонасының диаметрі нақтылығы 1 мм дейін өлшеп, көзге көрінбейтін өсу зонасына бағдарланды.

Зерттеу жүргізу кезінде физиологиялық ерітіндідегі бактериальды микроағзалардың тәуліктік суспензиялары мен екі тәуліктік ашытқы тәрізді саңырауқұлақтарды пайдаландық. Микробты жүктемесі 1×10^7 колонна түзуші бірліктердің 1 мл қоректендіргіш ортадағы саны (КОЕ/мл).

Горизонтальды жазықтықта орнатылған Петри табақшаларына әрқайсысы 10 мл зақымдалмаған «аш» агарды енгіздік АГВ (бактериальды мәдениетпен жұмыс кезінде жоғарғы қабат үшін ет – пептонды агар (ЕПА) қолданылады, дрожж тәрізді саңырауқұлақтармен жұмыс кезінде - Сабуро агари қолданылады), агардың берілген қабаты қатқаннан кейін бір бірінен бірдей ара қашықтықта стерильді болат цилиндрлерді орнаттық (білктігі $10,0 \pm 0,1$ мм, сыртқы диаметрі $8,0 \pm 0,1$ мм) және жоғарғы қабатын балқытылған, $45-48$ °C салқындағында 15 мл микроағзалары бар агарды құйдық ($13,5$ мл балқытылған агар және $1,5$ мл микробты аспа микроағзалар жүктемесі 1×10^7 КОЕ/мл). Жоғарғы қабатының қатып, салқындағанынан кейін цилиндрлерді стерильді пинцетпен алып, пайда болған ұяшықтарға экстракттар үлгісін ($0,25-0,3$ мл) толғанша салдық. Паралелльді түрде №1 және №2 үлгідегі ерітінділермен – этил спиртінің 40% және 90% сәйкес зерттеулер жүргіздік. Бактериальды мәдениеттер себілген Петри табақшаларын $32,5 \pm 2,5$ °C температурасында 18-24 күнге, дрожж тәрізді саңырауқұлақтарды $22,5 \pm 2,5$ °C температурасында 48 күнге термостатка салдық. Микроағзалар өсуінің тежелу аумағының диаметрі зерттелуші үлгілердің микробқа карсы белсенділігін сипаттайтыны анықталды.

Экстракт үлгілерінің микробиологиялық жиілігін зерттеу кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясының (ҚР МФ) әдісін қолданық (1.4, п. 5.1.4 – стерильді емес дәрілік заттардың микробиологиялық тазалығы 171 бет), ол сараптама жүзінде алынған. Статистикалық өндөлген нәтижелер негізінде үлгілердің сапалық сипаттамасын объективті бағалауда мүмкіндік береді.

Микробиологиялық жиілігіне, Петри табақшасында екі қабатты себу әдісімен асептикалық шарттарда ламинарлы бокста зерттеу жүргізіледі (биологиялық кауіпсіздік кабинеті AC2-4E1 «Esco», Индонезия).

Препараттың микробиологиялық ластану денгейін бағалау келесіден тұрады: аэрофобты мезофильді бактериялардың жалпы санын (ТАМС) және дрожж тәрізді көгеру бактерияларының жалпы санын (TYMC) 1 г экстрактта анықтау, *Escherichia coli*, *Staphylococcus aureus*, *Pseudomonas aeruginosa* бактерияларының болмауын анықтау. 1 г сусыз дәрілік заттар үлгісінде, оральды және ректальды қолдану үшін аэробты микроағзалардың рұқсат етілген жалпы саны (ТАМС) – 10^3 КОЕ көп емес (колона түзетін бірліктер);

ашытқы тәрізді және зен санырауқұлактарының жалпы саны (TYMC) – 10^2 КОЕ көп емес.

Тіршілікке қабілетті аэробты микроағзалардың жалпы санын анықтайтын әдістердің жарамдылығын тексеру үшін, тест – штамдар ретінде Американ мәдениет коллекциясының келесі микроағзаларын пайдаланды: (ATCC): *Staphylococcus aureus* ATCC 6538, *Pseudomonas aeruginosa* ATCC 9027, *Bacillus subtilis* ATCC 6633, *Candida albicans* ATCC 10231, *Aspergillus brasiliensis* ATCC 16404.

ҚР МФ талаптарына сәйкес келесі тығыз және сұйық қоректену орталарын қолданды: соя –казеин агары (тірі бактериалар санын анықтау үшін), Сабуродекстрозды агар (санырауқұлактар санын анықтау үшін), соя –казеин сорпасы (белгілі микроағзалар түрін анықтаудағы алдын ала инкубациялау үшін), манитті-тұзды агар (*Staphylococcus aureus* бактерияларын идентификациялау үшін), цетримидті агар (*Pseudomonas aeruginosa* идентификациялау үшін), Мак-Конки агары (*Escherichia coli* бактерияларын анықтау үшін).

2.2.5 Фармако – технологиялық зерттеу әдістері

Ұнтақ бөлшектерінің пішіні мен өлшемін МБИ-15 (ұлғауы 200) микроскопы көмегімен анықтайтын, бұл ҚР МФ әдісі бойынша бөлшектердің орташа сыйықты өлшемін, пішіні мен бетін сипаттауға мүмкіндік береді [14]. 10 мг ұнтақты 10 мл суда суспензиялады. Гомогенді суспензия көлемін өлшеуіш табақшаға салып, микроскоп арқылы көреді. Орташа сыйықты өлшемін 500 бөлшектен кем емес бөлшектерді өлшеу арқылы анықтайтын. Фракциялық құрамы, немесе ірілігі бойынша бөлшектердің таралуы сусымалдылыққа, массасын тұрақтылығына, мөлшерлеу нақтылығына, таблеткалар мен гранулалардың - сапалық көрсеткіштеріне - сыртқы түріне, ыдырауына, беріктігіне және басқаларына байланысты болады. Үңғайлы және тез әдістердің бірі сүзу анализі. Бұл анализдің техникасы, зерттелетін 100 г ұнтақты сүзгілер жиынтығынан елейді (№ 125, 250, 500, 1000, 1400). материал аспасын ең үлкен елекке салып (жоғарғы) барлық жиынтықты 5 минут көлемінде сілкіді (секундомер бақылауымен). Содан кейін електі кезегімен шешіп, әрбір електегі материал калдығын өлшейді [14].

Ұнтақ немесе грануланың фракциялық құрамын келесі формула арқылы есептейді:

$$X = \frac{A \cdot 100}{B}, \quad (2.3)$$

онда A – ұлгі массасы, г;

B – сәйкес фракция ұнтағы немесе грануласының массасы, г.

Ұнтақтың немесе грануланың көптіру мен ылғалдылық кезіндегі салмағын жоғалту ҚР МФ [11,13] стандартты әдісі бойынша келесі формула арқылы есептейді:

$$X = \frac{Po - P}{Po} * 100 \quad (2.4)$$

онда: X – үлгі ылғалдылығы, %,
 P_0 – салмағы, г,

P – тұракты массаса дейінгі кептіргеннен кейінгі үлгі массасы, г

Көлемдік тығыздығы Зерттеу сілкүге дейінгі берілген шарттарда көлемдік тығыздығын, материалдың сілку қабілетін, және де сілкуден кейінгі көлемдік тығыздығын анықтауға мүмкіндік береді. Көлемдік тығыздығын анықтауды Мариуполь техникалық құрылғы зауытында жасалған 545-АК-3 үлгілі приборда жасайды. 50 г ұнтақ немесе грануланды нақтылығы 0,001 г дейін өлшеп, сыйымдылығы 250 мл (бөлшектігі - 2 мл) цилиндрге салады, приборға бекітілген және V_0 сілкүге дейін көлемдік тығыздығын бекітеміз. 10, 500, 1250 цилиндрді жасап, V_{10} , V_{500} , V_{1250} жакын белгіге дейін бекітеміз. Егер V_{500} және V_{1250} айырмашылығы 2 мл асса, тағы да 1250 цилиндр салады. Көлемдік тығыздықты сілкүге дейін келесі формула арқылы анықтайды [11].

$$P_h = m/V_0 \quad (2.5)$$

онда: P_h – сілкүге дейінгі көлемдік тығыздығы г/мл, m – үлгі салмағы, г,

V_0 – отырғаннан кейінгі үлгі көлемі, мл.

5 қайталанбалы өлшеу жүргізіп, келесі соңғы нәтижеге қол жеткізіледі:

$$P_h = \sum P_n / n \quad (2.6)$$

онда, n – қайталанбалы сынама саны ($n=5$).

Сілкуден кейінгі көлемдік тығыздығын келесі формула арқылы есептейді [11,13]:

$$P_h^{\max} = m/V_{1250} \quad (2.7)$$

Онда P_h^{\max} – сілку ден кейінгі көлемдік тығыздығы, г/мл;

m – үлгі массасы, г.

V_{1250} – сілку ден кейінгі ұнтақ немесе грануланды көлемі, мл;

Сусымалдылық Мариуполь технологиялық қондырғылар зауытында дайындалған воронка әдісімен ВП-12А приборында анықтадық. Ол үшін нақтылығы 30 г, ұнтақ немесе грануланды 0,25 г аспасын өлшейді. Ары қарай конус тәрізді воронкадан қакпағын ашып, тәменгі тесігін бөгетпен жабады. Содан кейін қосымша толықтырышсыз үлгі аспасын воронкаға салады. Бір мезетте вирбоқондырғы мен секундомерді қосады. Тұракты нәтижені алу үшін 20 с сілкуден кейін ұнтақтың ағымын бақылайды. Жұмыстың аяқталуы бойынша приборды өшіреді. Сусымалдылықты келесі формула арқылы есептейді:

$$K_c = \frac{m}{t - 20} \quad (2.8)$$

онда: K_c – себу коэффиценті, г/с,
 m - аспа салмағы, г,
 t - себу уақыты, с,
 20 - сілкү уақыты, с.

Табиги кесінді бұрышы себілетін материалдар сусымалдылық жылдамдығының тұра емес көлемі. Бұрышын ВП-12 А приборы көмегімен анықтайды. Төменгі тесігі жабылған воронкаға 30 г мөлшерді салады (нақтылығы 0,01 г). Содан кейін приборды қосып, бөгетті ашады. Ұнтақ ағып болғаннан соң, приборды өшіріп, бұрыш өлшейтінді шкаласы бойынша табиғи кескінін өлшеу үшін жақыннатады. Сусымалдылығы жақсы материалдар үшін - 25° тен 35° дейінгі бұрыш жақсы, байланысты материалдар үшін 60-70°. Негұрлым табиғи кескін бұрышы аз болса, соғұрлым себілетін материал болады. Қайталанбалы 5 сынақ нәтижесі бойынша табиғи кескіннің орташа көрсеткішін есептеді [11,71].

Гранулаларды кептіру процессін зерттеу. Гранулятты кептірудің оптимальды температуралық режимін анықтау үшін минутына 2,5°C температуралық режимде Q-1500 деривитаграфта термографиялық зерттеу жүргізілді. Температуралық интервал 20°C - 80°C құрайды.

Гранулалар аспасын 200 ± 50 мг торсионды таразыға салады. Қыздыруды қосып, температуралық біркелкі көтеру кезінде ылғалдылықты жоғалту зерттеуін жүргізеді.

Ысқылауга беріктігі. Грануляттың ысқылауга беріктігін анықтауды, Мариуполь технологиялық құндырығылар зауытында жасалған, Фриабилитор 545-АК-8, көмегімен жүргіздік. Осы мақсатта 10 г грануланы нақтылығы 0,001 г дейін Фриабилиторға салып, қондырығыны қосады. Барабаны 5 минут айналғаннан кейін (шамамен 25 айн/мин) гранулаларды шығарып, шаңсыздандырып, өлшедік. Гранулалардың ысқылауға беріктігін келесі формуламен есептейді: [11,71]:

$$\Pi = \frac{P_n - P_k}{P_n} \cdot 100, \quad (2.9)$$

онда P_n – тозуға дейінгі гранулла салмағы , г
 P_k - тозудан кейінгі гранула салмағы, г.

Үйірағыштығы Үйірағыштығын «серіппелі себет» зертханалық приборында, 0,5 г гранулар мөлшерін , тесіктерінің өлшемі 0,50 мм сүзгішті пайдалана отырып, жүргізеді. Грануллалардың үйірағыштығын анықтауды ҚР МФ талаптарына сәйкес жүргізеді [11]. Әрбір себеттің 6 түтігінің әрқайсысына гранулла мөлшерін салып, сұйықтығы бар себетке салады (0,1 М тұз қышқылының ерітіндісі). Қондырығыны қосып, белгілі уақыттан кейін себетті шығарып, грануланың үйірағыштығын анықтайды.

Грануланың сыртқы көрінісін бағалауды визуальды түрде жүргізеді [11,13].

3 БҮЙРА ТҮЙЕТІКЕН ШӘБІН ФАРМАКОГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Синтетикалық дәрілік заттар жасау аясындағы үлкен табыстарға қарамастан, қазіргі кезде дәрілік өсімдік шикізаты негізінде тиімді және жағымсыз әсері аз дәрілік заттарды жасау мен денсаулық сактау тәжірибесіне енгізуге назар аударылуда. Шикізат базасын кеңейту мен тиімді оригиналды препараттарды жасау үшін, дәрілік өсімдіктердің жаңа шикізат көздерін іздеу мен табиғи биологиялық белсенді заттарды зерттеу шеңберін нығайту қажет. Қазақстан Республикасында өсетін бүйра түйетікен, қабынуға қарсы және гепатопротекторлы белсенділікке ие препараттарды алуын перспективті көзіне жатады.

Өсімдікті кешенді пайдалануды, жеткілікті шикізат базасының болуын, халық медицинасында кеңінен қолданылуын ескере отырып, бүйра түйетікен шәбін фармакогностикалық зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Оған қоса, бүйра түйетікеннің морфологиясы, анатомиясы, химиялық құрамы мен биологиялық қасиеттері қазіргі таңда толығымен зерттелмеген.

Берілген тарауда ғылыми зерттеудегі міндеттердің бірі деп келесі жұмыстар жүргізілген, бүйра түйетікен шәбінің сыртқы белгілерін зерттеу мен микроскопиясының нәтижелері, шикізат өзі екендігін анықтайтын, диагностикалық белгілері, ББЗ сандық және сапалық құрамын анықтау нәтижелері, бүйра түйетікен шәбінің стандарттау нәтижелері келтірілген.

3.1 Бүйра түйетікен дәрілік өсімдік шикізатын морфологиялық талдауы

Жалпы мәліметтер. Бүйра түйетікен (*Carduus crispus ssp. incanus*) (Klok.) Soo.) – Голарктикалық патшалықтың шығыс бөлігінің бореальды түрі.

Даланы, бақшаны, бауды, шабынды және жайылым жерлерде өсетін, рудеральды және сегетальды арам шөп. Анемохор. Өте жақсы бал шығарады.

Екі жылдық, полиморфты, жапырақтары, сабактары тікенді, биіктігі 50-200 см монокарпик. Тамыр жүйесі кіндік тамырлы, мықты, бұталы. Басты тамыры қалың, конус тәрізді, бұтақталған, 0,5 метрге терендеген. Ересек генеративті өсімдіктің базальды бөлігінде басты тамырдың диаметрі 2-9 мм, ал шеткі тамыр қалындығы 90-130 мм.

Бүйра түйетікен ДӨШ морфологиялық талдауы. Сабағы (сурет 3.1) тік, жоғары жағы бұтақталған, биіктігі 50-200 см және қалындығы 2,5 см, бозғылт өрмектенген қошқыл – жасыл түсті, домалақтанған, көптеген жіңішке қырлы, тар етті қанатшалары, тікенектері мен төменге қараған ұзын түктөрі бар. Шеткі сабактары қиғаш жоғарыға бағытталған, тікенді қанатшалы, ортаңғы немесе жоғарғы зонасында бұтақталған. Эрбір монокарпты сабағы қыска, тамыржапырақты болып дамиды. Екінші жылында тамыржапырақтың жоғарғы бүршігінен ортотропты, қатты бұтақталғын негізінде ұзын сабағы мен жапырақтар тамыржапырағы бар ғулшоғырлар шығады. Ғулдену кезінде және ғулденуден кейін тамыржапырақтың жапырақтары өлеңді.

Жапырактары (сурет 1) тікенді, жоғарғы жағы жасыл түсті, төменгі жағы сұр түкті. Жүйкеленуі қауырсынды, негізгі жүйкесі жапырактың төменгі жағында анық білінеді. Жапырактарының пішіні, олардың кескіні мен өлшемі онтогенез процессінде және экологиялық шарттар әсерінен өзгереді. Тамыр манындағы тамыржапырақ жапырактарының ұзындығы 20 см және ені 10-15 см, сағағы қанатшалы, ұзындығы 10-12 см дейін. Кей кезде тамыржапырақтың жапырактары сабакты жапырактарға қарағанда азырақ төменге қараған, қауырсынды – кескінді немесе соңғы бөлігі ірі қауырсынды – бөлінген. Шеттерінде және жапырактардың жоғарғы бөлігінде қаттылығы әртүрлі тікенектер орналасқан. Сабакты жапырактары (сурет 1) кезекті орналасқан. Органғы және жоғарғы формация жапырактары – төменге қараған, біртіндеп кішірейген, созылынқы – жұмыртқа тәрізді немесе ланцетті, ірі соңғы салалы, шеттері кірпікшелі – тікенді, жүйкелері анық, жоғарғы жағы – қошқыл – жасыл, жалаңаш, бұдырлы – ұсақтүкті немесе таралған түкті, төменгі жағы – сұр немесе киіз-өрмекті түктенуден ақшыл түсті болып келеді. Төменгі формация жапырактары ерте түседі, біркелкі емес толқынды – ойықты – тішшелі немесе үшбұрышты – жұмыртқа тәрізді салалы жапырактар; шеттерінде кірпікшелі әлсіз тікендері бар. Пластиинкасы бүтін болуы мүмкін, шеттері біркелкі емес араланған, тікенді түшшелі немесе сары өткір тікендері бар бір – бірінен алшақ орналасқан үш немесе бессалалы біркелкі емес (ойықты, лопастты, бөлектенген немесе кескінделген) кескінделген болуы мүмкін. Соңғы саласы ұзынырак, ланцетті, терең емес ойықты.



Сурет 3.1 - Жер бетіндегі вегетативті мүшелерінің морфологиялық ерекшеліктері

Жалпы күрделі гүлшоғыры – себеттердің фрондоздық сұпырғысы. Гүлсағағы қыска, себеттерде тар – қанатшалы, тікенді. Себеттері (сурет 2) тіке тұратын, әртүрлі көлемді 2-5 - тең өркен басында жинақталған, немесе 1-2 – дең жапырақ қойынында орналасқан. Себеттерінде жалпы қаптамасы бар немесе жоқ, көп гүлді, жұмыртқа тәрізді, қоңырау тәрізді немесе жалпақ шар пішінді ұзындығы 1,5-2 см, ені 0,4-1 см. Жалпы орны етті, жалпақ немесе әлсіз шығыңқы, ұяшықты емес талшықтармен көмкерілген. Қаптамасы көбінесе жалпақ жұмыртқа тәрізді, табақша тәрізді немесе қыска – цилиндрлі гүлдерінен диаметрінде 10-15 мм қыска.

Қаптама жапырақшалары (сурет 3.2.А) шөпті, шеттерінде кең жолақтары жоқ, жабынды сиякты орналасқан. Жас себеттерінде жапырактары тіке тұрған, жалаңаш, органды тамыры жақсы байқалады, негізі кенейтілген, әлсіз артқа бағытталған, қыска тікенге жиналған. Гүлдеу кезінде сыртқы жапырактары қатты шошайған немесе горизонтальды бағытта тіке тұрады, жоғарғы жағында қалың тікені бар. Қаптаманың ішкі жапырактары әлсіз боялған, шашыраңқы – өрмектелген, жоғарғы жағы майысқан өткір және үш жүйкесі бар. Ишкі және сыртқы барлық жапырактарының жоғарғы бөлігі әлсіз байқалатын, жабысынқы тұқтермен көмкерілген.


Гүлдері (сурет 3.2.В) майда, екі жынысты, көбінесе барлығы фертильді. Тәжі тар – тұтікшелі, ақшыл немесе қошқыл – қызыл, жоғарғы жағы біркелкі емес 5 тар сызықты сегменттерге кескінделген. Шеткі гүлдерінде тәж тұтікшесі майысқан. Табақшасы тәжінен қыска (8-11 мм ұзындығы), ақшыл қауырсынды талшықтардың бірнеше қатарына дейін редуцирленген, негізінде сакинаға дәнекерленген. Аталақ жіпшелері талшықты, тозақ қаптары ірі, жатыны кішкентай.

Тұқымшалары (сурет 3.3) өте майда (2,8-4 мм ұзындығы және 1-1,2 мм ені), созынқы – элипс тәрізді, шеттерінен қысынқы, жалаңаш немесе тегіс, сұр тұсті немесе қоңыр тұсті қара сызықты және әлсіз көлденен жолақтары бар. Айдаршасы отырынқы, табақшаның сынғыш талшықтарынан негізінде сакинаға дәнекерленген, оңай бүтіндей түсіп қалады. Айдарша талшықтары (сурет 3.3) өте ұзын, жіңішке, өткірленген жасушалар шоғырынан тұрады. Олар өткір ұштарының арқасында ұзын жіпшелерге жинақталған. Тұқымшалары жетілген кезде талшықтары шоғырдың сыртқы жасушалар бөлігінің арқасында «жайылады».



1 – тәж сегменттері , 2 – аталық тозанқабы , 3 – аталық бағаны

Сурет 3.2 - Дамудың әртүрлі кезеңіндегі себеттер мен олардың құрамдас бөліктері: жалпы орны (А), қаптама жапырактары (Б), ғұлдері (В) мен олардың бөліктері



1 – тұқымнан бөлінген айдаршалар, 2 – шоқты тұқ негізі, 3 – тұктің ортанғы бөлігі, 4 – шоқты тұктен бұтактанған жіпшелер


Сурет 3.3 - Тұкті айдаршасы бар гүл тұқымшалар және тұктерінің әртүрлі бөліктері

3.2 Бұйра түйетікен дәрілік өсімдік шикізатының микроскопиялық талдауы

Сабагы (сурет 3.4). Жоғарғы және ортанғы бөліктерінің көлденең кескінінде өткірленген шығыңқы жерлерінде тікенектері бар қанатшалар көрінеді. Олардың құрылышы изолатерральды мезофилі бар шеттері тең жапыраққа ұқсас келеді. Сабактың төменгі жағының кескіні домалақ, көптеген қабырғалары мен жолақтары бар, сирек тікенекті. Эпидермальды талшықтары (сурет 3.4., 3.3., 6) қамши тәрізді, өсімдік барлық бөліктеріне тән: 3-8 жасушалы өте ұзын және жіңішке жоғарғы жасушасымен, және 3-7 цилиндр пішінді төменгі жасушасымен. Көлденең әжімдер аясындағы біріншілік қабығы ені мен хлоренхимасының жоқтығымен ерекшеленеді. Гүлсағағының қабығы (сурет 3.4.В) жас сабактарында төменгі бөліктеріне қарағанда кеңірек,


бұрышты колленхима, хлоренхима, қордағы паренхима мен эндодерманың бірнеше қабаты түрінде көрсетілген. Сабағы ескірген сайын, қабакты бөлігінің көлемі азаяды, колленхимасы түсіп, хлоренхима жойылады, негізгі тінін 2-3 қабатты ірі иірілген қабырғалы жасушалардан тұрады. Шоқтардың перициклдық склеренхимасымен шекараласқан эндодерма анық көрсетілген. Орталық цилиндрдің анатомиялық құрылышы шокты түрден ауыспалы түрге дейін болады. Сабактың ортаңғы және төменгі бөлігі құрылышының ерешелігі оның қабырғалығымен байланысты және ашық коллатеральды шоғырлары тамырлы – тұтікті ретті емес орналасқан, бір – бірінен өлшемімен, ориентациясымен және гистологиялық құрамымен ерекшеленеді. Бір – бірінің астында орналасқан шоғырлар жиі бірлеседі (сурет 3.4.Б), жакын орналасқан негізгі және қосымша шоғырлар бірігеді. Шоқтарда қалындалған құысты қабықтары бар көпқатарлы склеренхима жақсы дамыған. Шоқтардың айналасындағы паренхимада құрамы кара идиобласттар байқалады. Жұқа қабатты алып келетін флоэма жас шоқтарда 4-6 немесе көптеген тар, жолаушы – жасушасы мен паренхимасы бар торлы тұтікшелерден тұрады.

Ескірген сабактардағы флоэма ыдырап, қуыс қалдырады немесе мұлдем түзілмейді. Шоқтар құрамында механикалық тін мен ксилема элементтері көптең кездеседі (сурет 4.11.,5). Склеренхимамен бірге жүретін біріншілік ксилема, тар, серіппе тәрізді тамырлар мен паренхимадан тұрады. Екіншілік ксилеманы кең құысты тамырлар құрайды. Оның флоэмамен шекарасында камбий жиі сүректі талшыктардың бірнеше қабатын түзеді. Өзекті шоқтар воронка тәрізді сабактың жас бөлігінде және ескі түрлерінде болмайды. Өзектің паренхимасы перимедулярлы зонада аздал қабықтармен қалындалған, ал орталық бөлігінде – борпылдақ, жұқа қабатты болып келеді.



А – гүлшоғырлары, Б – сабақтың ортаңғы бөлігі, В – біріншілік қабат фрагменті, Г – алып келетін шоғырлар; 1 – қанат тәрізді өсінді , 2 – қанат тәрізді өсіндінің шетіндегі тікенекті эмергенең , 3 – көпжасушалы эпидерма талшықтары, , 4 – колленхима, 5 – хлоренхима, 6 –кордағы паренхима, 7 – эндодерма, 8 – склеренхима, 9 – жұқа қабатты флоэма, 10 – камбий, 11 – ксилема


Сурет 3.4 - Әртүрлі формация мен сабактары бөлігінің көлденең кескіні



1 – қалың және жұқа қабатты флоэма, 2 – екіншілік ксилема, 3 – камбий, 4 – біріншілік ксилема, 5 – шоқ аралық сәулелер паренхимасы, 6 – склеренхима және өзек 7 – өзектік паренхима


Сурет 3.5 - Орталық цилиндр көлденең кескінің фрагменттері

Жапырағы (сурет 3.6-3.9). Жапырақ бетінің препараттарында көлденең кескінде, жоғарғы бөлігі төменге түспеген, ал төменгі бөлігі – түксіз, жіңішке, ұзын, шатасқан түктер көрінеді. Жапырақ тақтасының – тікенекті эмергенцтары бар.



1 – жінішке, шатасқан соңғы жасушалар, 2 – төменгі тірі жасушалар,
2 – базальды жасуша, 4 – түктөректілген орындағы белдемше

Сурет 3.6 - Жапыракты жаоатын талшықтар фрагменттері




1 – негізі, 2 – ортаңғы бөлігі, 3 – жоғарғы бөлігі

Сурет 3.7 - Жапырақтың тікенді эмергенцтер фрагменттері

Қарапайым көмкеретін талшықтары жұқа қабырғалы, 3-8 жасушалы қамши тәрізді жоғарғы жасушасы өлі, өте ұзын, жұқа, иірілген, тәменгісі цилиндр тәрізді, әлсіз ұзартылған, протопласты ұзак сақталады, қабықтары жұқа, тәменге түсіп, бір – біріне айқасып кетеді. Олардың астында, тамыржапырақпен көмкерілген, күмбез тәрізді шығынқы, ірі базальды тіке жасушасы бар (сурет 3.6, 8). Талшық сынған кезде базальды жасуша овальды белдемше қалдырады. Тікенді эмергенцтер (сурет 3.7) конус тәрізді, өткір, көлемі мен алыптылығы әртүрлі. Кең субэпидермальды орыннан және өткір конусты денеден тұрады. Жасуша қабырғалары қалың, ағаштанған, қуысы жок. Негізінде орналасқан тікендері кең, көптеген біріккен жасушалардан құралған, жоғары жағында жасушалар саны азайып, ен төбесінде 3-1 жасушадан тұрады.

Мезофилдің үстіндегі жоғарғы эпидерманы (сурет 3.8.А) жұқа тіке немесе аздал иілген қабатты изодиаметриялық жасушалар құрайды. 4-6 эпидермальды жасушалармен көмкерілген, аномоцитті лептестіктер сирек кездеседі. А баксиальды жағының эпидермасы (сурет 3.8.Б) жоғарғысынан аздал ерекшеленеді: жасушаларының өлшемі аз, ирелендеген шеткі қабырғалары бар, лептестіктері жиі кездеседі.




Сурет 3.8 - Жапырак эпидермасы жоғарғы (А), төменгі (Б)
және тамыр үсті (В)

Жүйке үсті жасушалары (сурет 3.8.В) тар, ұзартылған. Орталық жүйкесі (сурет 3.9) абаксиальды бетінде шығыңқы адаксиальдыға қарағанда бірнеше терендетілген. Негізгі тіні ірі жұқа қабатты түссіз жасушалармен және эпидерма үстіндегі бірнеше қабат хлоренхимамен көрсетілген. Бұрышты колленхима шоғы үстінде және жүйкенің сына тәрізді қуысында пайда болады. Өткізгіш жүйе 2-3 кішігірім шоқтардан немесе ұсақтарының бірігуінен пайда болған ірі бір шоқтан дамиды. Ксилема үстінде және флоема астында бірнеше склеренхима талшықтары бар және құрамы қара секреторлы жасушалар орналасқан.

Жапыракты тақтасының анатомиялық құрылышы (сурет 3.9) дорсовентральды амфистоматикалық. Бағаналы мезофилл бір – немесе екі

қабатты, кеуекті, көпқабатты, борпылдақ. Жапырақ тектасының жиі тікенді эмергенцтер орналасқан.



1 – орталық жүйке, 2 – жоғарғы эпидерма үстілік бағаналы мезофилл, 3 – талшықты төменгі эпидерма астылық кеуекті мезофилл, 4 – төменгі эпидерма талшықтары, 5 – тікенді эмергенцтер

Сурет 3.9 - Жапырақ тектасының көлденең кесіндісінің фрагменттері

Сонымен жүргізілген зерттеулер негізінде келесі диагностикалық белгілер анықталды:

1. Сабактың, жапырақ пен себет бөліктерінің микроскопиялық диагностикалық белгілерінің жиынтығы анықталды:

- көп жасушалы қамши тәрізді, ұзын, жұқа, иірілген жасушалы талшықтардың болуы, жапырактың төменгі беткейіне киізді түктердің болуы, түк негізінде – ірі базальды жасуша, күмбез тәрізді, көптеген тіке жасушалардан құралған тамыржапыракпен көмкерілген;

- сабактарының қанатшаларында, жапырактары мен қаптамасының жапыракшаларында тікен тәрізді эмергенцтердің болуы;

- сабактың әртүрлі формациясының шокты және ауыспалы анатомиялық құрылышы;

- белгілі тәртібі мен ориентациясы жоқ, ескі сабактардың өткізгіш шоктарының екі немесе үш сакинамен орналасуы;

- өткізгіш шоктарда ірі склеренхималы және құрамы қара секреторлы жасушалардың болуы;

- жапыракты пластинаның дорсовентральды амфистоматикалық құрылышы;

2. Себеттер, гүлдер мен тұқымдарының морфологиялық және микроскопиялық айырмашылық белгілері анықталды:

- себеттің жалпы орны етті, тегіс немесе әлсіз шығынқы, тісшелермен көмкерілген;
- шеттері кең қайтарылмаған, жапырақтары мен жоғарғы жағы қыска, батынқы түктөрмен;
- аталақ жіптері түкті;
- тұқым айдаршы отырынқы, негізінде сақинаға біріккен, талқыштары ұзын, жұқа, өткірленген жасушалардан тұрады, өзінің сына тәрізді ұзын жіптерімен байланысқан.

3. Алынған деректер перспективті дәрілік өсімдік шикізаты – бұйра түйетіken шөбінің идентификациясы үшін қолданылуы мүмкін.

3.3 Бұйра түйетіken шөбінің химиялық құрамын зерттеу

Өсімдікте үнемі биохимиялық процесстер жүреді, сондықтан, оның химиялық құрамы үнемі өзгеріп тұрады. Осы себептен, ДӨШ негізінде фармацевтикалық препараттарды жасау кезінде, ББЗ құрамы максимальды көрсеткіштерге жететін, шикізатты жинау мерзімін анықтау аса маңызды.

Жоғарыда аталғандай, түйетіken негізіндегі препараттардың гепатопротекторлықасиетін полифенольды қосылыстар шарттайты, сондықтан біз, мақсаты, ББЗ максимальды құрамы байқалатын вегетация кезеңін анықтау болатын, бірката зерттеулер жүргіздік [30,62,63].

Вегетация кезеңінде экстрактивті заттарды жинақтауды зерттеу. Біз, вегетация кезеңінде бұйра түйетіken шөбіндегі экстрактивті заттардың жинақталуын және табигаттың экстрагенттің шығуына әсерін зерттедік.

Көптірілген түйетіken шөбін бөлшектерінің өлшемі 1,0-0,5 мм дейін ұнтақтайты. Экстрагент ретінде тзартылған су және экстрагент қатынасы 1:1 болатын әртүрлі концентрациялы этил спиртін қолданады. Зерттеу нәтижесі 3.2. кестеде көрсетілген.

Зерттеуде көрсетілгендей, экстрактивті заттардың шығуы экстрагенттің табигаты мен полярлығына байланысты және олардың максимальды шығуы 90% этанолмен экстрагирлеу кезінде байқалады. Экстрактивті заттар көлемі біртіндеп сөүір айынан мамыр айына дейін өсетіні дәлелденген, максимальды көлемі жаппай гүлдеу кезінде байқалады (20,22%), содан кейін көлемі біртіндеп азайып, солу кезеңінде 18,81% құрайды.

Кесте 3.2 - Вегетация кезеңінде бұйра түйетіken шөбінен экстрактивті заттар шығуына экстрагент табигатының әсері

Вегетация кезеңі	Экстрактивті заттар мөлшері, % (n=5)				
1	2	3	4	5	
Экстрагент	Cу	40% этил спирті	70% этил спирті	90% этил спирті	
Вегетация басы	10.26±0.92	3.09±0.79	15.67±0.55	17.43±0,50	

3.2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Шағақтану кезінде	12.08±0.89	14.43±0.65	16.54±0.52	19.26±0.45
Ұрық пайда болуының басы	13.29±0.78	16.02±0.50	18.16±0.45	20.22±0.30
Ұрықтың жаппай жетілуі	12.26±0.80	15.92±0.57	16.48±0.50	18.81±0.47
Ұрықтың шашылуы	13.18±0.82	13.91±0.75	14.96±0.68	16.15±0.55
Солуы	11.81±0.96	12.62±0.82	13.68±0.72	13.81±0.40

Полифенольды табиғатты заттардың сапалық құрамын анықтау үшін бұл қосылыстарға түрлі – түсті және тұнбалық реакциялар жүргізілді. Зерттеу нәтижелері 3.3 кестеде көрсетілген және олар вегетация кезеңінде бұйра түйетіken шөбінің құрамында полифенольды заттардың болуын дәлелдеді.


Бұйра түйетіken экстрактысының компонентті құрамын зерттеу үшін 2 тарауда көрсетілген 220 нм-ден 370 нм аясында жазылған, 0,02% спиртті ерітіндінің адсорбциялық спектрі зерттелді. Спектр хош иісті қосылыстардың сініруіне тән, 270-350 нм толқын ұзындығында максимумдардың болуымен сипатталады, бұл экстракт құрамында полифенольды қосылыстардың болуын болжауга мүмкіндік береді. 330 нм кезінде сініру максимумы талданатын үлгіде гидроксикорич қышқылдарының болуын дәлелдейді (сурет 3.10). 270 нм дең 285 – 330 нм спектр аясында адсорбциялық спектрде байқалатын сініру жолақтарының орналасуына байланысты, flavonoidты табиғатты заттардың болуын болжауға болады.

Кесте 3.3 - Вегетация кезеңінде түйетіken шөбінде полифенольды қосылыстар соммасын сапалы анықтау

Реактив атауы	Вегетация кезеңі				
	Вегетация басы	Жаппай гүлдеу кезінде	Ұрықтың пайда болуы	Ұрықтың шашылуы	
1	2	3	4	5	
Цианидин ді сынама	Ерітінді қызыл түске боялған, органикалық фазасы боялуының қарқындылығы тәмен				

3.3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
1% КОН спиртті ерітіндісі	Ерітіндінің сары түсі сары – қызыл түске ауысады	Ерітіндінің сары түсі сары – қызыл түске ауысады	Ерітіндінің сары түсі сары – қызыл түске ауысады	Ерітіндінің сары түсі сары – қызыл түске ауысады
Сірке суы қышқыл корғасын ерітіндісі	Сары тұнба	Сары тұнба	Сары тұнба	Сары тұнба
Темір хлориді (III) ерітіндісі	Ерітіндінің қара – жасыл боялуы	Ерітіндінің қара – жасыл боялуы	Ерітіндінің қара – жасыл боялуы	Ерітіндінің қара – жасыл боялуы




Сурет 3.10 - Бұйра түйетікен шебінен спиртті сығындының адсорбциялық спектрі

Талданатын ДӨШ биологиялық белсенді заттардың құрамын ары қарай анықтау үшін, жұқа қабатты хроматография әдісін қолданды. Анықтауды «Сорбфил» пластинкасында мұздай сірке су қышқылы – су – этилацетат (20:20:60) еріткіштер жүйесінде жүргізді, детектор ретінде алюмий хлоридінің 5% спиртті ерітіндісін қолданды. Салыстыруды стандартты рутин мен кверцетин ерітіндісімен жүргіздік. Хроматограммаларды УК – аясында

каралды. Зерттелетін үлгіде рутин мен кверцетин зоналары деңгейінде зоналар байқалды, бұл ұқсас құрылысты flavonoидтардың болуын дәлелдейді.

Талданатын түйетікен шөбінің спиртті сығындысы реакциясының алюминий хлориді реактивімен сірке су қышқылының ортасында адсорбциялық спектрі (сурет 3.11) 418 нм сініру максимумының болуымен сипатталады, бұл flavonoидтар болуы бойынша, түйетікен шөбін стандартизациялауға мүмкіндік береді.



Сурет 3.11 - Түйетікен шөбінің спиртті ерітіндісі мен алюминий хлориді реактиві реакциясы өнімінің адсорбциялық спектрі

Сондықтан, түйетікен шөбі құрамында flavonoидтарды сандық бағалау үшін, flavonoидтар гликозидінің бастапқы гидролизіне және толқын ұзындығы 420 нм сірке су қышқылы ортасындағы алюминий хлориді реактивімен реакциядан кейін алынған агликондардың оптикалық тығыздығын анықтауға негізделген әдісті қолданды. Flavonoидтар агликондарының құрамын гиперозидке есептегендеге сінірудің салыстырмалы көрсеткіші әдісімен есептеді. Түйетікен шөбінің құрамында flavonoидтар агликонын анықтау нәтижелері 3.4. кестеде көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, гиперозидке есептегенде, flavonoидтардың максимальды құрамы жаппай гүлдеу кезеңінде 0,25% құрайды. Сонымен, ББЗ құрамының максимальды көрсеткіштері түйетікен шөбінің шағақтану кезеңінде болатындығын анықтадық, ол жаппай гүлдеу кезеңі мамыр – маусым айларында болады.

Кесте 3.4 - Вегетация кезеңінде түйетікен шөбінде гиперозидке есептегендегі флавонодтар агликондарының құрамы

№	Вегетация фазасы	Түйетікен шөбінде гиперозидке есептегендегі флавонодтар агликондарының мөлшері % (n=5)
1	Вегетация басы	0.17±0.02
2	Жаппай гүлдеу	0.25±0.03
3	Ұрық пайда болуының басы	0.20±0.02
4	Ұрықтың жаппай жетілуі	0.16±0.02
5	Ұрықтың шашылуы	0.14±0.03

Бұйра түйетікен шөбінің құрамындагы алкалоидтарды зерттеу

Әдебиет деректері бойынша [102] бұйра түйетікен шөбінің құрамында изохинолин қатарының алкалоидтары бар. Осыған байланысты біз гравиметрия әдісімен шикізатта алкалоид құрамын анықтауды жүргіздік.

Анықтау әдісі. 10,00 г құрғақ ұсакталған шикізатты, сыйымдылығы 250 мл, конусті колбаға салып, 10 мл концентрацияланған аммиак ерітіндісімен сулап, 12 сағатқа қалдырады. 100 мл хлороформ қосып, арапастырып, кері тоңазытқышпен су моншасында 30 минут қыздырамыз. Жинаамалы сүзгі арқылы колбаға сүзіп, қайтадан 100 мл хлороформ қосып, кері тоңазытқышпен су моншасында тағыда 30 минут қыздырамыз. Сүземіз. Хлороформды айдан, қалдықты салқыннатамыз. 25 мл 0,1 М хлорсүтекті қышқылды қосып, су моншасында қыздырып, шыны таяқшамен мұқият арапастырып, салқыннатамыз, салқыннатылған ерітіндін қағаз сүзгіш арқылы көлемі 100 мл бөлгіш воронкаға сүземіз. Хлор сүтекті қышқылмен экстракциялау процедурасын 25 мл бойынша екі рет қайталаймыз. Сол қағаз сүзгіш арқылы, бөлгіш воронкаға сүземіз. Бөлгіш воронкаға 10 мл хлороформ қосып, мұқият арапастырамыз, қабаттарға бөлінгенін күтіп, алынған хлороформ қабатын алғып тастаймыз. Бөлгіш воронкада қалған ерітіндін аммиактың концентрацияланған ерітіндісімен сілтілі реакцияға дейін әмбебап индикатор бойынша бейтараптандырамыз.

Бөлгіш воронкадағы бейтараптанған ерітіндіге 10 мл хлороформды қосып, екі минут көлемінде мұқият арапастырып, қабаттануын күтеміз. Хлороформды экстрактты қағаз сүзгіші арқылы, ішінде 10 г сузыз натрий сульфаты бар, алдын ала өлшенген буландырыш табаққа сүземіз. Экстракцины екі рет 10 мл хлороформмен кайталаймыз. Хлороформды су моншасында құрғақ қалдыққа дейін буландырып, табақшаны кептіргіш шкафта тұрақты салмаққа дейін, 100-105 °C температурасында кептіріп, эксикаторда салқыннатып, өлшейміз.

Бұйра түйетікен шөбіндегі алкалоидтар құрамы 0,03% жоғары болмауы тиіс.

Бұйра түйетікеннің полисахаридтер кешенін зерттеу

Суда еритін полисахаридтердің сандық құрамын төменде көрсетілген әдістемемен, гравиметриялық әдіспен анықтады.

20 г ұсақталған жиынтықты сыйымдылығы 250 мл шлифі бар колбаға салады, 200 мл су құйып, колбаны кері тоқазытқышпен қосып, аラластыра отырып 30 мин қайнатады. Экстракцияны екі қайтара жасайды, біріншісінде 200 мл екіншісінде 100 мл суды пайдаланады. Сулы сыйындыларды біріктіріп, центрифугалайды, сыйымдылығы 500 мл өлшегіш колбаға, алдын ала сумен шайылған диаметрі 55 мм шыны воронкаға салынған 5 қабатты дәке арқылы декантирлейді. Фильтрді сумен жуып, ерітінді көлемін белгіге дейін жеткізеді (ерітінді A).

25 мл A ерітіндісін центрифугалы пробиркаға салып, 75 мл 95% этанол қосады, аラластырып, 5 мин көлемінде 30°C су моншасында қыздырады. 1 сағаттан кейін пробирканы 30 мин бойына айналу жиілігі 500 айн/мин жиілігімен центрифугалайды. Тұнба үстіндегі сұйықтықты 13-16 кПа қалдық қысымында вакууммен, тұрақты массаға дейін кептірілген 100-105°C температурада 40 мм диаметрлі ПОР – 16 шыны сүзгіде тұрақты массаға дейін сүзгілейді. Қалдықты санды түрде сүзгіге ауыстырып, ары қарай судағы 95% этанолдың 15 мл ерітіндісімен (3:1), 10 мл ацетон мен 10 мл этилацетат ерітіндісімен жуады. Қалдығы бар сүзгіні ауада, кейін 100-105°C температурады тұрақты массаға дейін кептіреді.

Абсолютті құрғақ шикізатқа есептегендеге суда еритін полисахаридтер құрамын (X, %) келесі формула арқылы есептеді:

$$X = \frac{(m_2 - m_1) * 500 * 100 * 100}{m * 25 * (100 - W)} \quad (3.1)$$

онда m_1 – сүзгіш массасы, г;

m_2 – тұнбасы бар сүзгіш массасы, г;

m – шикізат массасы, г;


W – кептіру кезіндегі массасын жоғалту, %.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, бұйра түйетікен өсімдігінде суда еритін полисахаридтердің сандық құрамы $4,44 \pm 0,9\%$ құрайтыны анықталды.

Алынған полисахаридті кешенниң моносахаридті құрамын зерттеуді жұқа қабатты хроматография әдісімен жүргізді. Ол үшін 0,1 г полисахаридті кешенді минимальды су көлемінде ерітіп (1,5-2 мл) хроматографиялық гидролиз процессин бақылай отырып, су моншасында 20% күкірт қышқылы ерітіндісінің сондай көлемінде гидролиздейді. Толық гидролиз 5 сағат жүргізілді. Гидролизатты әмбебап индикаторы бойынша бейтарап реакцияға дейін бария карбонатымен бейтараптандырды. Ерітінділерді сүзіп, сүзгі мен қалдықтарды сумен шайды. Фильтраттарды кепкенше вакууммен кептіріп, 0,5 мл 70 % этанолда ерітеді. Алынған ерітінділерді «Sorbfil» хроматографиялық қағазына жағып, моносахаридтердің үлгілерімен ацетон-н-бутанол- су (7:2:1) ерітінділер жүйесінде хроматографтайды. Хроматограммаларды ауада кептіріп, анилин –

фосфор кышқылы реактивімен өндеп, 100°C температурады 10 мин көлемінде кептіргіш шкафта кептіреді. Қант қоңыр (ксилоза) және қызыл – сары (глюкоза) дақтары түрінде пайда болды (сур. 3.12.)

Бұйра түйетікен шөбінің полисахаридті кешенінің гидролизатын хроматографиялық зерттеу нәтижесінде келесі заттар анықталды: глюкоза, галактоза, ксилоза. Сыналып отырған ертіндінің хроматограммасында 1-ші дақтың $R_f = 0,25$, яғни екінші сынама ертіндісі галактозаға сай келеді. 2-ші дақтың $R_f = 0,37$, үшінші сынама ертіндісі глюкозаға сай келеді. 3-ші дақтың $R_f = 0,56$, төртінші сынама ертіндісі ксилозаға сай келеді.



1 – өсімдіктен полисахаридтер гидролизаты, 2 – галактоза, 3 – глюкоза, 4 – ксилоза

Сурет 3.12 - Бұйра түйетікен өсімдігінен полисахаридті кешеннің моносахаридті құрамын зерттеу хроматограммаларының схемасы

Липофильді фракция алғаннан кейінгі қалған шроттан, полисахаридтер фракцияларын алды: суда еритін полисахаридтер (СЕПС), пектинді заттар а (ПЗ) және гемицеллюлозы А (ГЦ А) және Б (ГЦ Б). полисахаридтердің фракциялары құрамын зерттеуді келесі әдіс бойынша жүргізді.

100 г құрғақ шротты тұрақты арапастра отырып, 1 сағат көлемінде 2 литр ыстық сумен 95°C қыздыру арқылы экстрагирлейді. Сығындыны қайтадан алушты шикізат – экстрагент 1:10 қатынасында жүргізді. Алынған сығындыларды қосып, бастапқы көлемнің 1/5 дейін буландырады. Полисахаридтерді бөлме температурасында 96% этанолдың үш өлшемді көлемімен тұндырыды. Түсken тұнбаны сүзіп, 96% этанолмен, ацетонмен, эфирмен жызып, кептіріп, елшейді. СЕПС фракциясын алады.

СЕПС алғаннан кейін қалған шроттан ПЗ бөліп алады. Шикізат экстракциясын екі рет 0,5% қымыздық қышқылының ертіндісі мен аммония оксалатымен (1:1) шикізат – экстрагент 1:20 қатынасында 80-85° С температурасында 2 сағат көлемінде жүргіzedі. Алынған сығындыларды

біріктіріп, концентрирлеп бес еселік 96% этанолмен тұндырады. Алған тұнбаларды сүзіп, этанолмен жуып, кептіріп, өлшейді. ПЗ фракциясын алады.

СЕПС мен ПЗ алғаннан кейінгі қалған шроттан ГЦ бөліп алады. Экстракцияны екі рет 12 сағат бойы бөлмее температурасында шикізат – экстрагенттің 1:5 қатынасында 7% натрий гидроксиді ерітіндісімен жүргізді. Сілтілі сығындыларды біріктіріп, мұздай сірке су қышқылымен А гемицеллюлоза тұнбасы түскенге дейін қышқылдандырады. Қалдықты сүзіп, 96% этанолмен жуып, кептіріп, өлшейді. Алған фильтратқа 96% этанолдың екі еселік көлемін қосады. Пайда болған тұнбаны сүзіп, 96% этанолмен жуып, кептіріп өлшейді. ГЦ Б фракциясын алады [2].

Бұйра түйетікен өсімдігінен полисахаридтің фракциялық құрамын зерттеу нәтижелері 3.5. кестеде көрсетілген.

Кесте 3.5 - Бұйра түйетікен өсімдігінде полисахаридтердің фракциялық құрамын анықтау нәтижелері

Зерттеу нысаны	Сандық құрамы , %			
	СЕПС	ПЗ	ГЦ А	ГЦ Б
Бұйра түйетікен шебі	0.13±0.12	0.08±0.11	0.78±0.09	0.51±0.07

3.4 Бұйра түйетікен шебінің стандартизациясы

Дәрілік өсімдік шикізатын, оны өндеу өнімдерінің жаңа түрлерін отандық медициналық және фармацевтикалық нарықка енгізу, фитопрепараттар ассортиментін кеңейту, стандартизация жүйесін жетілдіру мен сапасын бакылауды талап етеді [26].

Дәрілік заттар, оның ішінде, медициналық тәжірибеде қолданылатын дәрілік өсімдік шикізаты адам қауіпсіздігі талаптарына жауап беріп, әртүрлі ауруларды емдеу үшін тиімді болуы тиіс.

Бұйра түйетікен шебін келесі көрсеткіштер бойынша стандартизациялады:

Анықтамасы, идентификациясы, бөгде қоспалар, кептіру кезіндегі массасын жоғалту, жалпы күлі, 10 % хлорсүтекті қышқылда ерімейтін күл, микробиологиялық тазалығы, құрамындағы радионуклидтер, гиперозиджеке есептегендегі flavonoidтар суммасын сандық анықтау, орамдалуы, таңбалануы.

Идентификациясын шикізаттың морфология – анатомиялық зерттеу нәтижесінде анықталған, диагностикалық белгілер бойынша жүргіздік (тарау 3 п.3.1,3.2.).

Бөгде қоспалар:

Өсімдіктің қарайған, сарғайған бөлшектері – 5% көп емес.

Органикалық қоспалар – 1% көп емес.

Минеральды қоспалар – 0,5% көп емес.

Жалпы күлі мен хлорсүтекті қышқылда ерімейтін күлді анықтау нәтижесі 3.6,3.7 кестеде көрсетілген.

Кесте 3.6 - Бұйра түйетікен шебіндегі жалпы күлді анықтау

Жалпы күлді анықтау				
	1	2	3	4
Бос тигель массасы, г	33.2294	32.9802	29.1745	36.3455
Алынған мөлшер, г	1.0000	1.0003	3.0001	3.0008
Күлі бар тигель массасы, г	33.2830	33.0341	29.3355	36.5161
Күл массасы, г	0.0536	0.0539	0.1610	0.1706
Жалпы күлі, %	5.4 %	5.4 %	5.4 %	5.7 %
Орташа мағынасы	5.475			
RSD	0.15			

Кесте 3.7 - Бұйра түйетікен шебіндегі хлорсүтек қышқылында ерімейтін күлді анықтау

Хлорсүтекті қышқылда ерімейтін күлді анықтау				
	1	2	3	4
Бос тигель массасы, г	33.2294	32.9802	29.1745	36.3455
Күлі бар тигель массасы, г	33.2351	32.9852	29.1900	36.3647
Күл массасы, г	0.0057	0.0050	0.0155	0.0192
Алынған мөлшер, г	1.0000	1.0003	3.0001	3.0008
HCl ерімейтін күлдің массасы, %	0.57 %	0.50 %	0.51 %	0.64 %
Орташа мағынасы	0.555			
RSD	0.06455			

Бұйра түйетікен шебінің үлгісіндегі жалпы күлдің орташа көрсеткіші 5,5%, ал хлорсүтекті қышқылда ерімейтін күлдің орташа көрсеткіші 0,6% құрайды.

Дәрілік өсімдік шикізаты микроагзалармен контоминирленуі мүмкін. Сондықтан біріккен сынамадан микробиологиялық тазалықты анықтау үшін сынаманы бөліп шығарады.

Микробиологиялық тазалыққа зерттеу дегеніміз тіршілікке қабілетті бактериялар мен санырауқұлақтарды сандық анықтау, және де стерильді емес дәрілік заттарда болуы мүмкін емес микроагзалардың белгілі түрлерін анықтау. Оларға *Bacillus subtilis* (*B. cereus*), *Escherichia coli*, *Pseudomonas aeruginosa*,

Staphylococcus aureus, *Candida albicans* жатады. Сынаманы ҚР МФ (2 тарауды кара) әдісі бойынша асептикалық шарттарда жүргізді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері 3.8. кестеде көрсетілген.

Кесте 3.8 - Бұйра түйетікен шебінің микробты тазалығын бақылау нәтижелері

Үлгі	Үлгі саны	Араластыруы	1 г. экстракттағы микроағзалардың жалпы саны		Микроағзалар		
			бактериялар (ТАМС) КОЕ/г	Саңырау күлакта (TYMC) КОЕ/г	E. coli	Staph. aureus	Ps. aeruginosa
Түйетік ен шебі	2,0 г	1:10	<10	<10	өсу жоқ	өсу жоқ	өсу жоқ

Сонымен, бұйра түйетікен шебінде *Escherichia coli*, *Staphylococcus aureus*, *Pseudomonas aeruginosa* бактерияларының болмауын сараптама жүзінде дәлелденді, саңырауқұлактардың жалпы саны (TYMC) 10 КОЕ/г кем, бактериялар саны (ТАМС) 10 КОЕ/г кемді құрайды.

Алынған нәтижелер бұйра түйетікеннің, стерильді емес дәрілік заттар микробиологиялық тазалық көрсеткіші бойынша ҚР МФ талаптарына сәйкес екендігін көрсетеді.

Бұйра түйетікен шебі сапасының спецификациясы 3.9. кестеде көрсетілген.

Кесте 3.9 - Бұйра түйетікен шебі (*Carduus crispus L.*) сапасының спецификациясы

Сапа көрсеткіштері	Ауытқу нормалары	Сынау әдістері
1	2	3
Анықтамасы	Бұйра түйетікеннің кептірілген жер бетіндегі белгілі <i>Carduus crispus L.</i>	АНҚ сәйкес
Идентификациясы	<p>A. Сыртқы белгілері бойынша сәйкес келеді</p> <p>B. Шөптің ұнтағын микроскоп арқылы карастырған кезде диагностикалық элементтердің сәйкестігі байкалады. .</p> <p>C. Зерттелуші ерітіндінің хроматограммасында ретті рутин, кварцетин хзоналары анықталады.</p>	<p>ҚР МФ I, т. 1, «Дәрілік өсімдік шикізатының сынау әдістері», «Шөп дәрілік өсімдігінің морфологиялық тобын анықтау»</p> <p>ҚР МФ I, т. 1, «Дәрілік өсімдік шикізатының сынау әдістері», «дәрілік өсімдік шикізатының микроскопиялық және микрохимиялық зерттеу техникасы»</p>

3.9 – кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>Зерттелуші ерітіндінің хроматограммасында косымша зоналар анықталуы мүмкін . D. Темір III хлоридімен қара – жасыл боялу анықталады E. Қорғасынның сірке су қышқылымен сары түнба түзіледі</p>	<p>ЖҚХ, ҚР МФ I, т. 1, 2.2.27</p> <p>Сапалық реакция Сапалық реакция</p>
<i>Бөгде қоспалар:</i> - Өсімдіктің қарайған, сарғайған бөлшектері - Органикалық қоспалар - Минеральды қоспалар	<p>5% көп емес.</p> <p>1% көп емес.</p> <p>0,5% көп емес.</p>	ҚР МФ I, т. 1, 2.8.2
Кептіру кезінде массасын жоғалту	12 % көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.2.32
Жалпы күлі	5,5 % көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.4.16
10 % хлорсүтек қышқылында ерімейтін күлі	0,6, % көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.8.1.
Микробиологиялық тазалығы	<p>Шикізат ҚР МФ I, т. 1, 5.1.4, 4 А санатының талаптарына сәйкес келуі тиіс . 1 г шикізатта тіршілікке қабілетті аэробты микроағзалардың рұқсат етілген жалпы саны 107 бактериядан көп емес, 105 грибов санырауқұлақтан және 102 Escherichia coli көп емес.</p>	ҚР МФ I, т. 1, 2.6.12 және ҚР МФ I, т. 2, 2.6.13
Радионуклеидтер	Шикізат Сан ПиН № 4.01.071.03 талаптарына сәйкес келуі тиіс .	Сан ПиН № 4.01.071.03
Гиперозидке есептегендегі флавоноидтар суммасын сандық анықтау	0,25 % аз емес	Спектрофотометриялық ҚР МФ I, т. 1, 2.8.12
Орамдалуы	Шикізат 10 кг МемСТ 30090-93 бойынша қантарға қапталған	АНҚ сәйкес
Танбалануы	Этикеткасында мемлекеттік және орыс тілінде өндіруші – ел, өндіруші кәсіпорын, оның тауар белгісі мен мекен жайы, шикізат атауы, нетто массасы, сактау шарттары, шикізатты дайындау күні , партия нөмірі, сактау мерзімі көрсетіуі тиіс .	АНҚ сәйкес

3.9 – кестенің жалғасы

1	2	3
Тасымалдануы	МемСТ 17768-90 сәйкес .	МемСТ 17768-90
Сақталуы	25 °C температурасынан жоғары емес, құрғақ, жарыктан қорғалған жерде сақтайды	АНҚ сәйкес
Фармакологиялық әсері	Гепатопротекторлық, қабынуға қарсы	

3 бөлім бойынша тұжырым

1. Жүргізілген зерттеулер негізінде, сабактың, жапырақ пен себет бөліктерінің микроскопиялық диагностикалық белгілерінің жиынтығы анықталды, себеттер, гүлдері мен тұқымдарының морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктері айқындалды. Алынған нәтижелер – бұйра түйетіken шебі – дәрілік өсімдік шикізатын идентификациялау үшін қолданылды.

2. Бұйра түйетіken шебінде, вегетация кезеңінде экстрактивті заттардың жиналуына зерттеулер жүргізілді және де экстрагент табиғатының олардың шығуына әсері зерттелді. Зерттеулер көрсеткендей, экстрактивті заттардың шығуы экстрагенттің табиғаты мен полярлығына байланысты және олардың максимальды шығуы 90% этанолмен экстрагирлеу кезінде болатыны байқалды. Экстрактивті заттарды шығуы сөүір айнан маусым айына дейін артып, жаппай гүлдеу кезеңінде максимальды көрсеткішке жететіні (20,22%), содан кейін бәсендеп, солу кезеңінде 13,81% құрайтыны дәлелденді.

3. Толқын ұзындығы 420 нм сірке су қышқылындағы алюминий хлориді реактивімен реакциясынан кейін, алынған агликондар ерітіндісінің оптикалық тығыздығын анықтау мен флавоноид гликозидтерінің бастапқы гидролизіне негізделген бұйра түйетіken ДӘШ флавоноидтарды сандық көрсеткішін бағалау әдісі жасалды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, гиперозидке есептегенде флавоноидтардың максимальды құрамы жаппай гүлдеу кезеңіне келеді және 0,25% құрайды. Сонымен, біз ББЗ максимальды көрсеткішінің түйетіken шебінің вегетация кезеңінде болатынын анықталды, ол мамыр – маусым айларында жаппай гүлдеу кезеңінде болады.

4. Гравиметрия әдісімен шикізатта алкалоидтар құрамын анықтау жүргізілді. Бұйра түйетіken шебіндегі алкалоидтар құрамы 0,03% жоғары болмауы тиіс екендігі анықталды.

5. Бұйра түйетіken шебінен гравиметриялық жолмен полисахаридтер кешені алынып, олардың сапалық құрамы зерттелді. Нәтижесінде, моносахаридтер құрамы анықталды: глюкозалар, галактозалар, ксилозалар. Бұйра түйетіken шебіндегі суда еритін полисахаридтердің көлемі $4,44 \pm 0,9\%$ құрайтыны анықталды. Және де полисахаридтердің фракциялық құрамына зерттеу жүргізіліп, суда еритін полисахаридтер (СЕПС), пектинді заттар (ПЗ), гемицеллюлоза А (ГЦ А) және гемицеллюлоза Б (ГЦ Б) анықталып, олардың сандық құрамы анықталды.

6. Бұйра түйетікен шөбі дәрілік өсімдік шикізатының стандартизациясы жүргізіліп, бұйра түйетікен шөбінің (*Carduus crispus L.*) сапасына спецификация жасалды.

4 БҮЙРА ТҮЙЕТІКЕН ШӨБІНЕН ҚОЮ ЭКСТРАКТЫСЫН АЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ГРАНУЛАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ

4.1 Бұйра түйетікен шөбінің технологиялық параметрлерін анықтау

Фитоэкстракциялық өндірістің экстракциялық процессін басқару үшін өсімдік шикізатының негізгі технологиялық параметрлері туралы толық ақпарат алу қажет. Оларға мөлшерін арттыру коэффициенті, ішкі шырынның пайда болу коэффициенті, әртүрлі экстрагентті сініру коэффициенті, шикізаттың салыстырмалы және көлемдік тығыздығы, шикізат кеуектілігі, шикізаттың еркін көлемі сияқты көрсеткіштер жатады [7,70].

Шикізаттың көлемдік және салыстырмалы тығыздығы келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік береді: а) құрғақ және ісінген шикізаттың көлемдерінің айырмашылығын; б) ішкі шырынның көлемін. Осы көрсеткіштер экстрагент пен шикізат арасындағы қатынасты, шикізат ісінген кездең ішкі және сыртқы шырын көлемінің өзгерісін, ішкі және сыртқы шырынның көлемі өзгерген жағдайда құрамындағы заттар концентрациясының өзгеруін анықтау үшін маңызды болады. Шикізаттың көлемдік тығыздығы ұсақталған шикізаттың масса мен оның алатын көлемі арасындағы қатынас болып келеді. Шикізаттың ісіну коэффициенті – құрғақ, тығыз орналақсан шикізат массасы бөлшектерінің арасындағы қуыстарды толтыруға қажетті сұйықтықтың көлемі. Шикізатты ығыстыру коэффициенті – құрғақ шикізат массасын салған кездең ығыстыратын сұйықтықтың көлемі. Шикізаттың технологиялық қасиеттерінің осы үш көрсеткіші бір уақытта анықталады. Анықтау әдістемесі. Шамамен 50,0 г шикізатты сыйымдылығы 500 см³ үйкеліс қақпағы бар цилиндрге салып, көлемі өзгергенше нығыздайды, көлемін белгілеп, цилиндрге 400 см³ экстрагент құяды. Цилиндрдің ішіндегісін, шикізат бөлшектерінің бетінен ая ақпіршіктарін алу үшін, 2 минут көлемінде араластырады, цилиндрдегі сұйықтық деңгейі бойынша шикізат пен экстрагенттің суммалық көлемін анықтағаннан кейін, қақпақпен жауып, ісіну үшін 24 сағатқа қалдырады. Содан кейін шикізатты бастапқы көлемге дейін, сұзгішпен басып, көлемін белгілей отырып, сыйындысын төгеді.

Шикізаттың сініру коэффициенті – ісіну кезінде шикізаттың салмақ бірлігі сінірген, экстрагенттің көлемі. Ишкі шырынның пайда болу коэффициенті - сінірілген капилляр ылғалдылығының экстрагенттіңде және экстрактивті заттарда, еру кезінде шикізат салмағының бірлігінде пайда болған, ішкі шырынның көлемі. Экстрактивті заттардың еруі кезіндегі көлемнің арту коэффициенті – экстрактивті заттар салмағының бірлігінде еру кезіндегі экстрагент көлемінің артуы. Анықтау әдістемесі. 100,0 г ұсақталған бұйра түйетікен шөбін алдын ала өлшенген диффузорға салады. Шикізатты тығыздан, өлшейді. Кран жабық тұрған кезде қақпағын ашып, шикізаттың бетінде 5 см сұйықтық қабаты пайда болғанға дейін экстрагент құяды. Сұзгішті шикізат бетіне басып, диффузорды қақпақпен жауып, өлшейді. Араластыра отырып, 24 сағат көлемінде түндүрады. Содан кейін алдын ала өлшенген цилиндрге сыйындығыны төгіп, көлемін белгілеп, сыйындысы бар цилиндрді өлшейді. 25

мл сүзілген сығындыны алдын ала өлшенген бюкска салып өлшейді. Сығындыны кепкенше буландырып, 3 сағат көлемінде 100°C температурада тұракты массаға дейін кептіреді. Бұйра түйетікен шебінің технологиялық және сандық көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері 4.1, 4.2 кестелерінде көрсетілген.

Кесте 4.1 - Бұйра түйетікен шебінің технологиялық және сандық көрсеткіштері

Зерттеу нысандары	Технологиялық параметрлер				
	Салыстырмалы масса г/см ³	Көлемдік тығыздығы, г/см ³	Қуыстық	Кеуектілік	Қабаттың еркін көлемі, см ³
Бұйра түйетікен шебі	0.84±0.03	0.29±0.08	0.60±0.03	0.13±0.01	0.65±0.02

Кесте 4.2 - Бұйра түйетікен экстрактысының сініру коэффициентін анықтау нәтижелері

Зерттеу нысаны	Экстрактың сініру коэффициенті					
	су	30% этил спирті	50% этил спирті	70% этил спирті	80% этил спирті	90% этил спирті
Бұйра түйетікен экстракты	2.90±0.28	2.70±0.25	2.40±0.2	2.20±0.2	1.70±0.21	1.30±0.17

4.2 Бұйра түйетікен шебінің қою экстрактысын алу технологиясын жасау

Әсер етуші заттардың шығу жылдамдылығы мен толықтығына ықпал ететін негізгі факторлар: экстрагенттің табиғаты, температура, шикізаттың ұсақталу деңгейі, экстракциялау ұзактылығы мен гидродинамикалық шарттар [32,38,55,64,67].

Экстракциялау әдісін тандау кезінде біз екі ережені басшылыққа алдық:

1 экстракциялау тәсілі тиісті сапалы өнімнің шығуын қамтамасыз етуі тиіс;

2 экстракциялау тәсілі жоғары тиімділікке ие болуы тиіс, яғни, шикізаттың максимальды пайдалануын қамтамасыз етуі тиіс.

Бұйра түйетікеннен қою экстракт алу технологиясын жасауда шикізаттың ұсақталу деңгейі, экстракция ұзактылығы, шикізаттың экстрагентке катынасы, экстракция реттілігі сияқты параметрлердің ББЗ шығуының жылдамдығы мен толықтығына ықпал етуін зерттедік.

«Қатты дәрілік шикізат - сұйықтық» фазаларын бөліп шикізаттың ұсақталу деңгейіне байланысты және бөлшектері неғұрлым ұсақ болса, соғұрлым көп болады. Бірақ тәжірибеде, шикізаттың аса ұсақталған шикізатында білінеді, күрамында шырышты заттар болса, - шырыштанады, нәтижесінде бұндай масса арқылы экстрагент нашар өтеді. Шамадан тыс ұсақталған кезде үзілген жасушалар саны артады, бұл сығындыны ластайтын жанама (акуыздар, шырыш, пектиндер және басқада жоғары молекулалы косылыстар) заттардың

жуылып кетуіне алып келеді. Одан басқа, экстрагентке өлшенген бөлшектердің көп саны өтіп кетеді. Нәтижесінде сығынды тұнық емес, ағаруы қын болады және нашар сүзіледі. Осыдан шығатыны, ірі шикізатты оптимальды көлемге дейін ұсақтайды: жапырақтарын, гүлдері мен шөптерін 3-5 мм дейін; сабактарын, тамырларын, қабығын 1-3 мм дейін, жемісі мен тұқымын 0,3-0,5 мм дейін. Сонымен катар бастапқы материалда жасушалық құрылымы сақталады, диффузиялық процесстер артып, экстрагирлеу баяулайды, бірақ алынған сығындының құрамында механикалық қоспалар аз болып, онай тазартылады. Эртүрлі еріткіштермен экстракциялау кезінде экстрактивті заттардың шығуына шикізаттың ұсақталу деңгейінің әсерін зерттеу нәтижелері 4.3 кестеде көрсетілген. Алынған экстракттардағы экстрактивті заттар құрамын 2 тарауда көрсетілген әдіс бойынша анықтады.

Түйетікен экстрактысында флавоноидтар құрамын сандық анықтау үшін, флавоноидтар гликозидінің бастапқы гидролизіне және ұзындығы 420 нм толқын ұзындығында қышқылды сірке су ортасында алюминий хлориді реактивімен реакциясынан кейін алынған агликондар ерітіндісінің оптикалық тығыздығын анықтауға негізделген әдісті қолданды. Анықтау әдісі 2 тарауда көрсетілген.

Кесте 4.3 - Бұйра түйетікен шебінен экстрактивті заттардың шығуына шикізаттың ұсақталу деңгейінің әсері (ұлгілер сериясының 5 анықталуының орташа көрсеткіші)

Экстракция шарттары	Экстрактивті заттар суммасы , %			
	Шикізаттың ұсақталуы , мм			
Экстрагент	1	2	3	5
Тазартылған су	14.22±0.84	13.09±0.93	11.37±0.95	11.03±0.99
20% этил спирті	16.08±0.54	15.53±0.50	13.94±0.47	12.86±0.39
40% этил спирті	18.29±0.35	17.02±0.45	15.96±0.58	14.22±0.78
70% этил спирті	19.78±0.47	18.92±0.38	17.48±0.40	16.87±0.51
90% этил спирті	22.89±0.28	21.18±0.29	20.48±0.25	19.74±0.43

Кесте 4.4 - Бұйра түйетікен шебінен флавоноидтар шығуына шикізаттың ұсақталу деңгейінің әсері (абсолютті құргақ шикізатқа есептегендеге ұлгілер сериясының 5 анықталуының орташа көрсеткіші)

Экстракция шарттары	Экстрактивті заттар суммасы , %			
	Шикізаттың ұсақталуы , мм			
Экстрагент	1	2	3	5
Тазартылған су	0.052±0.005	0.078±0.011	0.083±0.009	0.084±0.008
20% этил спирті	0.16±0.012	0.15±0.007	0.14±0.011	0.13±0.009
40% этил спирті	0.18±0.017	0.18±0.014	0.17±0.013	0.15±0.011
70% этил спирті	0.2±0.014	0.19±0.016	0.18±0.015	0.18±0.011
90% этил спирті	0.25±0.008	0.25±0.007	0.24±0.009	0.23±0.010

Шикізаттың ұсакталу деңгейінің ББЗ шығуына әсерін зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шикізат бөлшектерінің көлемі кішірейген сайын, экстрактивті заттардың шығуы артады, бірақ, флавоноидтардың максимальды көрсеткіші шикізат бөлшектерінің өлшемі 2-3 мм болған кезде байқалады, сондықтан, көлемі ұсақ шикізаты экстракциялау кезінде сығындыға балласты заттар шығады. Бөлшек өлшемі 2-3 мм болатын шикізатты экстракт алу үшін таңдады. Экстрактивті және биологиялық белсенді заттардың максимальды шығуы 90% этил спиртімен экстракциялау кезінде байқалды, сондықтан ары қарай зерттеулер үшін қолданылды.

Зерттеудің келесі кезеңі экстрактивті заттардың және биологиялық белсенді заттардың шығуына шикізат – экстрагент қатынасының әсерін зерттеу. Зерттеу нәтижелері 4.5. кестеде көрсетілген.

Кесте 4.5 - Экстрактивті заттар мен флавоноидтар суммасының шығуына шикізаттың экстрагентке қатынасының әсері (абсолютті құрғақ шикізатқа есептегенде үлгілер сериясының 5 анықталуының орташа көрсеткіші)

Шикізат пен экстрагенттің қатынасы	Экстрактивті суммасы , %	заттар	Флавоноидтар суммасы ,%
1:5	19.3±1.21		0.19±0.025
1:7	20.4±1.11		0.22±0.088
1:10	21.4±0.94		0.26±0.058
1:20	18.3±1.25		0.20±0.017

Зерттеулер көрсеткендей, ББЗ максимальды шығуына қол жеткізетін, шикізаттың экстрагентке қатынасы 1:10 құрайды. Экстракциялау процесінің ұзақтылығы экстрактивті заттардың шығу толықтығына да әсер етеді, өйткені кейбір қабаттар арқылы диффундирленетін заттар саны экстракциясына тұра пропорциональды. Бірақ, қысқаша мерзімде процесстің қарқындылығына алып келетін басқа да факторлардың максимальды қолданып, сығындының максимальды шығуына ұмтылу қажет. Сығындының көп уақыт шығуы жанама жоғары молекулалы қосындылардың ластануына алып келеді, диффузия жылдамдығы биологиялық белсенді заттарға қарағанда азырақ болады. Ұзак уақыт экстрагирлеу кезінде ферменттер әсерінен жағымсыз процесстер жүруі мүмкін. Экстракциялаудың жалпы ұзақтылығы экономикалық үнемділікпен анықталады. Сонымен қатар, кейбір кездерде қосымша сығынды шығару шыққан шығынды жаппайтындықтан және құнды экстрагенттердің жоғалуына алып келетіндіктен, процессті тоқтату тиімді болады.

Экстракция ұзақтығын анықтау, шикізат - экстрагент жүйесінде тепе-тендік концентрациясы уақытында жүргізді. Зерттеу нәтижелері 4.6 кестесінде көрсетілген. Тепе-тендік орнау уақытын келесідей анықтаған: бүйра түйетікен шикізатының салмақ сериясын алдын ала бекітілген параметрлерді ескере отырып, сығындыдағы зат концентрациясының өсуі тоқтағанға дейін тұндырады. Концентрациясын анықтау үшін талдауды белгілі уақыттан кейін (1 сағат) кейін жүргізді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экстракцияның бірінші


сатысында тепе -тендік концентрациясы 8 сағаттан кейін анықталды. Бірінші сығындыны төккеннен кейін шикізатта ішкі шырын қалады, оның құрамында белгілі мөлшерде заттар болады. Өсімдік материалынан биологиялық белсенді заттарды максимальды шығарып, шикізатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін, экстракция сатысының санын анықтауды және әрбірінің тепе-тендік концентрациясының уақытын анықтауды жүргізді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендегі, 3-5 сатыда тепе-тендік концентрациясы 7 сағаттан кейін анықталды.

Кесте 4.6 - Экстракция реті мен узактылығына байланысты экстрактивті заттардың шығуы

Экстракция реті	Экстракция ұзактылығы, сағ,						
1	7,12±0,081	7,95±0,06	10,3±0,05	13,5±0,02	16,7±0,03	18,4±0,01	18,5±0,01
2	2,87±0,028	3,10±0,15	3,11±0,10	3,17±0,09	3,18± 0,10	3,18±0,10	3,19±0,09
3	1,13±0,022	1,55±0,11	1,72±0,10	1,97±0,12	2,01±0,12	2,02±0,15	2,01± 0,15
4	0,13-0,14	0,21-0,22	0,44-0,46	0,54-0,55	0,58-0,60	0,57-0,59	0,57-0,58
5	0,009-0,011	0,060-0,062	0,13-0,14	0,16-0,18	0,16-0,17	0,15-0,16	0,14-0,15

Сонымен, біз бұйра түйетікеннен экстракт алудың келесі технологиясын ұсынамыз. Бөлшек өлшемі 2-3 мм бұйра түйетікен шөбінің ұсақталған өсімдік шикізатын диффузорға салып, шикізатты сіңіру коэффиценті ескере отырып, шикізаттың экстрагентке 1:10 қатынасында 90% этил спиртін құямыз. 8 сағаттан кейін экстракты төгіп, сүземіз. Процессі 5 рет кайталадық. Сығындыларды қосып, 10°C температурасында 48 сағат тұндырып, содан кейін сүзеді. Роторлы буландырығышта KARV 10 вакуммен 50° температурада ылғалдылығы 25% болғанға дейін спиртті айдайды. Флавонойдтар агликондарының мөлшерін гиперозидке есептегендеге сіңірудің салыстырмалы көрсеткіші әдісімен есептедік және ол 2,5% құрайды.

Түйетікеннің қою экстрактысын алудың технологиялық схемасы 4.1. суретте көрсетілген.



Сурет 4.1 - Бұйра түйетікеннің қою экстрактысын алудың технологиялық схемасы

4.3 Бұйра түйетікеннің қою экстрактысының стандартизациясы

Алынған экстракттың стандартизациясын келесі көрсеткіштер бойынша жүргізді: сипаттамасы, ерігіштігі, идентификациясы, сульфатты құлі, флавонOIDтарды сандық анықтау, сабындану саны, қышқылды саны, ауыр металлдар қолемі, жанама қоспалары, микробиологиялық тазалығы.

Бұйра түйетікеннің қою экстрактысы бұл жақпа тәрізді өзіне тән иісі бар, қара – қоңыр түсті қою масса. Гигроскопиялық (ҚР МФ т. 2, «Экстракттар» жалпы мақаласы).

Аз мөлшерде тұнба тұзіп 90 % этил спиртте P(1:10) ериді (ҚР МФ т. I, 4)

Экстракттың идентификациясын жұқа қабатты хроматография әдісімен жүргіздік (ҚР МФ I, т. 1, 2.2.27).

Зерттелетін ерітінді. 0,100 г экстракты 25 мл 96% спиртте Р ерітеміз.

Салыстыру ерітіндісі. 5 мг кверцетин Р және 5 мг рутинді Р 5 мл 96% спиртте Р ерітеміз.

ЖҚХ пластинасының силикагель қабаты бар старт сызығына жолақ түрінде 20 мкл зерттелуші ерітінді мен салыстыру ерітіндісін жағамыз. Мұздай сірке су қышқылы Р – су Р – этилацетат Р (20:20:60) еріткіштер жүйесі бар камераға пластинканы саламыз. Еріткіштер сызығы старт сызығынан 10 см өткен кезде пластинканы камерадан шығарып, ауда кептіреді, алюминий хлоридінің 5% спиртті ерітіндісін шашып, 10 мин қолемінде дақтар пайда болғанша кептіріп, УК-сәулесінде қарайды.

Төменде зерттелуші ерітінді мен салыстыру ерітіндісінің хроматограммадағы ретті зоналары көрсетілген. Зерттелуші ерітіндінің хроматограммаларында косымша зоналар анықталған.

Кесте 4.7 - Бұйра түйетікеннің қою экстрактысын идентификациялаудың нәтижелері

Пластинканың жоғарғы жағы	
кверцетин: финиш сызығында ашық-сары флюоресценция	Финиш сызығында ашық-қызыл зона
рутин: сұр – көк – жасыл зона	Сұр – көк – жасыл зона (рутин) Старт сызығында аспан көк флюоресценция зонасы
Салыстыру ерітіндісі	Зерттелуші ерітінді

K. Финиш әдісі бойынша суды анықтау (ҚР МФ I, т. 1, 2.5.12). 4,50% көп емес.

Суды "Mettler Toledo" фирмасының 870 KFTitrinoplus суды анықтауға арналған титраторын пайдалана отырып анықтадық.

Шамамен 20 мл сусыз метанолды *P* титрлеу ыдысына салып, антропометриялық әдіспен соңғы нүктесін анықтай отырып, йодкуқіртті реактивпен *P* титрлейді. Зерттелуші ерітіндінің берілген көлемін титрлеуші ыдысқа тез салады. Қоспаны 1 мин көлемінде араластырып, тағы да антропометриялық әдіспен соңғы нүктесін анықтай отырып, йодкуқіртті реактивпен *P* титрлейді.

Йодкуқіртті реактивті P су бойынша титрін анықтағаннан кейін колданады.

Сульфатты құлі (КР МФ I, т. 1, 2.4.14). 5,00% көп емес.

1,00 г экстракт мөлшерін алдын ала қыздырылған (600°C температура-сында) және эксикаторда салқындастылған өлшенген фарфор тигельге саламыз, 1 мл күкірт қышқылына *P* малып, құм моншасында қышқыл буы жойылғанша абайлап араластырамыз. Тигельді муфель пешіне салып, 600°C температурада қара дақтар жойылғанша қыздырады. Қыздыру аяқталғаннан кейін эксикаторда салқындастып, өлшейді.

Ауыр металлдар. Анықтауды КР МФ I, т. 1, 2.4.8 сәйкес жүргізеді. 0,01% (100 ppm) көп емес.

Қыздырғаннан кейінгі қалдықты (сульфаты құл) 5 мл 615 г/л аммоний ацетатының *P* ерітіндісінде ерітеді. Алынған ерітіндіні құлсіз фильтра арқылы, 100 мл колбаға сүзеді, 5 мл сумен *P* шайып фильтратты сумен 100 мл жеткізеді.

Зерттелетін ерітінді. 12 мл алынған ерітінді ауыр металлдарға (А әдісі) тесттен өтуі тиіс.

Салыстыру ерітіндісі (эталон). 10 мл қорғасынның эталонды ерітіндісін (1 ppm)*P* және 2 мл зерттелуші ерітіндіні араластырамыз.

Еркін ерітінді 10 мл су мен 2 мл зерттелуші ерітіндіні араластырамыз.

Әрбір ерітіндіге 2 мл буфер ерітіндісін ($\text{pH } 3,5$) *P* қосып, араластырамыз. Алынған қоспаны, 1,2 мл тиоацетамидті реактиві *P* бар пробиркаға құйып, тез арада араластырамыз. 2 минуттан кейін ерітіндіні тестілейді.

Жүйенің жарамдылығы: салыстыру ерітіндісі (эталон) еркін ерітіндімен салыстырғанда ашық – қоңыр түсті болуы тиіс.

Нәтижесі: зерттелетін ерітіндінің қоңыр түске боялуы салыстыру ерітіндісі (эталоннан) қарқынды болмауы тиіс.

Зерттелетін ерітіндінің боялуы эталонды ерітіндінің бояуынан аспауы тиіс, яғни экстракттағы ауыр металлдар құрамы 0,01% (100 ppm) аз болмауы тиіс.

Қышқылды саны – 80 жоғары емес. Анықтауды КР МФ I, т. 1, 2.5.әдісі бойынша жүргізеді.

Жуылу саны – 215 көп емес. Анықтауды КР МФ I, т. 1, 2.5.6) әдісі бойынша жүргізеді.

Жанама қоспалар. Алкалойдтар. Гравиметрия әдісі. 0,03% жоғары емес.

Флавоноидтар сүммасын сандық анықтау. 1,0 г экстракты шлифы бар колбаға саламыз, 10 мл аммиактың концентрацияланған ерітіндісімен сулап, тұнге қалдырады. 100 мл хлороформ қосып, араластырып, кері тоңазытқышы бар су моншасында 30 минут көлемінде қыздырады. 30 минуттан кейін сүзіп,

қайтадан 100 мл хлороформ қосып, тағыда су моншасында 30 минут қыздырады. Қатпарлы сүзгіш арқылы шлифы бар колбаға сүзеді. Хлороформды айдалап, қалдықты салқыннатады. 25 мл 0,1 М хлор сутекті қышқылды қосып, су моншасында қыздырып, шыны таяқшамен мұқият араластырады, салқыннатып, салқыннатылған ерітіндін қағаз сүзгіш арқылы сыйымдылығы 100 мл бөлгіш воронкаға сүзеді. 0,1М хлор сутекті қышқыл ерітіндісімен экстракциялау процедурасын тағы да екі рет 25 мл порциямен қайталайды. Сол қағаз сүзгіш арқылы бөлгіш воронкаға сүзеді. Бөлгіш воронкаға 10 мл хлороформды қосып, мұқият араластырып, қабаттануын күтеді, алынған хлороформ қабатын алғып тастайды. Бөлгіш воронкада қалған ерітіндін аммиак ерітіндісімен әмбебап индикатор бойынша сілтілі реакцияға дейін бейтараптандырады.

Бөлгіш воронкадағы бейтараптанған ерітіндіге 10 мл хлороформ қосады, екі минут ішінде мұқият араластырып, қабаттануын күтеді. Хлороформды экстракти, алдын ала өлшенген, 10 г сузыз натрий сульфаты салынған буландырғыш табаққа қағаз сүзгіш арқылы сүзеді. Экстракцияны 10 мл хлороформ порциясымен тағы да екі реет жүргізеді. Хлороформды су моншасында буландырып, кептіргіш шкафта 100-105 °С температурада тұрақты массага дейіп кептіріп, эксикаторда салқыннатып, өлшейді.

Сандық анықтау. Анықтауды ҚР МФ I, т. 1, 2.2.25 сәйкес жүргізеді, ультра күлгін және көрінетін спектр аймағында абсорбционды спектрофотометрияны әдіс бойынша жүргізу 2 тарауда көрсетілген. .

Гиперозидке есептегендегі flavonoidтар суммасының пайыздық көрсеткішін келесі формуламын (X) есептейді:

$$x = \frac{D \cdot 1,25}{m}$$

бұл жерде

D – зерттелуші ерітіндінің оптикалық тығыздығы;

m – граммен зерттелуші ерітінді аспасының массасы.

Гиперозидтің салыстырмалы сіңіру көрсеткіші 500 тең.

Гиперозидке есептегендегі ($C_{21}H_{20}O_{12}$; М. 464,40) қою экстракттағы flavonoidтар суммасы 0,25 % кем емес болуы тиіс.

Микробиологиялық тазалығы. (ҚР МФ I, т. 1, 2.6.12 және ҚР МФ I, т. 1, 2.6.13.) микробиологиялық тазалыққа зерттеу тіршілікке қабілетті бактериялар мен санырауқұлактарды санды анықтаудан және де стерильді дәрілік заттарда болмауға тиіс микроғзалардың белгілі түрлерін анықтаудан тұрады. Оларға жатады: *Bacillus subtilis* (B. cereus), *Escherichia coli*, *Pseudomonas aeruginosa*, *Staphylococcus aureus*, *Candida albicans*.

10 г немесе 10 мл зерттелуші дәрілік затты натрий хлоридімен және pH 7.0 пептонмен буфер ерітіндісінде сусpenзиялайды. Суспензияны 1:10 катынасында жасайды. Диаметрі 9 см Петри табақшасына 15 мл-ден 45-тен 50°C дейінгі температурады, соя-казеинді агарды немесе Сабуро-декстрозды агарды енгізіп, қоректендіргіш оргаларды қатырады. Зерттелуші қоспаның 1 мл (1:10) 45 °C жоғары емес температураға дейін салқыннатылған 4 мл агарланған қоректендіргіш ортасы бар пробиркаға салады. Пробиркадағыны тез

араластырып, коректендіргіш ортасының бірінші қабаты дайындалған, Петри табақшасына салады. Петри табақшасын тез сілкі арқылы коректендіргіш ортаның жоғарғы қабатын біркелкі етіп таратады. Әрбір сығынды үшін коректендіргіш ортасы бар үш петри табақшасын дайындайды.

Соя-казеин агары бар табақшаларды 30-35°C температурасында 5 тәулік инкубациялайды, Сабуро-декстрозним агары бар табақшаларды 20-25°C температурада 7 тәулік бойы инкубациялайды. Әрбір қоректендіргіш орта үшін колонияның орташа арифметикалық санын есептеп, дәрілік заттың бір граммында КОЕ санын анықтайды.

Экстракт ҚР МФ I, т. 1, 5.1.4, 3 В санатының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

1 г препарата 10^4 аэробты бактерялар, 10^2 санырауқұлактар (суммалы), 10^2 энтеробактериялар және кейбір грам теріс бактериялар болуына рұқсат етілген. 10г препаратта *Salmonella* болуы, 1 г экстракта *Escherichia coli* болуына рұқсат етілмейді.

Орамасы. 1 немесе 2 кг *БВ-1000-63-ОС* немесе *БВ-2000-90-ОС, ОСТ 64-2-71-80* бойынша шыны банкалары. Банкаларды 1.1 типті төсемесі бар 2.1 типті ОСТ 64-2-87-81 немесе ТУ 64-2-269-78 пластмасты қақпақтармен бұрап жасабады. Қақпагы мен банканың жоғарғы жасын МемСТ 1341 бойынша пергаменттен жасабады, МемСТ 6309 бойынша мақтадан жасалған же іппен байлап, МемСТ 23683 бойынша парафин құяды.

Банкаға МемСТ 7625 бойынша этикеткалы қағаздан этикетка жасасырады.

Әрбір банканы МемСТ 8273 бойынша қаптама қағазына орап, МемСТ 7625 бойынша этикеткалы қағаздан этикетка жасасырады.

Топтық және тасымалдағыш ыдыс МемСТ 17768 сәйкес.

Таңбалануы. Этикетканың бекітілген макетін қара.

Тасымалдауы. МемСТ 17768 сәйкес.

Сақтауы. Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 30 °C температурадан жоғары емес.

Сақтау мерзімі. 2 жыл.

Бұйра түйетікеннің кою экстрактысының спецификациясы 4.8. кестеде көрсетілген.

Кесте 4.8 - Бұйра түйетікеннің кою экстрактысының спецификациясы

Сапа көрсеткіші	Ауытқу нормалары	Сынау әдістері
1	2	3
Сипаттамасы	Өзіне тән иісі бар қара – қоңыр түсті жақпа тәрізді масса.	Органолептикалық
Ерігіштігі	Аздап салмақ түзе отырып 90% спиртте (1:10) ериді .	ҚР МФ I, т. 1, 1.4
Идентификациясы :		

4.8- кестенің жалғасы

1	2	3
Флавоноидтар	Хроматограммада рутин мен кверцетин дегейінде зоналар байқалады.	ГХ, ҚР МФ I, т. 1, 2.2.27, жұқа қабатты хроматография
Жартылай әдіспен суды анықтау	4,50% көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.5.12
Сульфатты құлі	5,00% көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.4.14
Ауыр металлдар	0,01% (100 ppm) көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.4.8
Қышқылды саны	80 көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.5.1
Сабындану саны	215 көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.5.6
Микробиологиялық тазалығы	Препарат ҚР МФ I, т. 1, 5.1.4, 3 В санатына сәйкес болуы тиіс. 1 г препарата 10^4 аэробты бактериялар, 10^2 санырау-құлактар (суммалы), 10^2 энтеробактериялар және кейбір грамм теріс бактериялар болуына рұқсат етілген. 10 г препарата <i>Salmonella</i> болуы, 1 г экстракта <i>Escherichia coli</i> болуына рұқсат етілмейді.	ҚР МФ I, т. 1, 2.6.12, 2.6.13
Жанама қоспалар	0,030% көп емес	ҚР МФ I, т. 1,
Санды анықтау флавоноидтар	2,5 % аз емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.2.25, Абсорбционды спектрофотометрия ультра күлгін және көзге көрінетін спектрде
Орамдамасы	1 және 2 кг МемСТ 5717- 91 сәйкес шыны банкалар. Банкаларда 3 % аз емес кеңістік болуы тиіс.	АНҚ сәйкес
Таңбалануы	Этикетканың бекітілген макетін қара.	АНҚ сәйкес
Тасымалдауы	МемСТ 17768-90Е сәйкес .	МемСТ 17768-90Е.
Сакталуы	Ауа кірмейтін контейнерде, жарықтан қорғалған жерде, 20°C температурадан жоғары емес.	МемСТ 17768-90Е.

4.8- кестенің жалғасы

1	2	3
Жарамдылық мерзімі	2 жыл	АНҚ сәйкес
Негізгі фармакологиялық әсери	Гепатопротекторлық қарсы	АНҚ сәйкес

4.4 Түйетікен шебінің қою экстрактысын грануляциялау процесін зерттеу

Күрделі көпкомпонентті құрамына байланысты табиғи экстракттар жоғары гигроскопиялық субстанцияларға жатады, сондықтан, біздің алдымызыдағы тапсырма ылғалданған заттардың тұрақтылығын арттыру, олардың гигроскопиялығын төмендешу. Оған гранула түрінде рациональды дәрі қалыбын жасау арқылы қол жеткізуге болады, оларды қолдану, мөлшерлеу ынғайлыш, дәрілік заттың тез еруіне, дәмін жақсартуға ықпал етеді, сактау, кезінде тұрақтылықты қамтамасыз етеді және гигиеналық тұрғыдан пайдалану қолайлы.

Әртүрлі катынаста келесі толықтырғыштар енгізілген бірқатар құрамдар жасалды: картоп крахмалы, лактоза, микрокристаллды целлюлоза (МКЦ), метилцеллюлоза (МЦ). Түйетікеннің қою экстрактысын 100 г грануляциялық массасаға 50 г көлемінде енгізді. Өсімдік экстракттарының негізінде алынған гранулалардың гигроскопиялық екендігін ескере отырып, жасалған дәрі қалыбына ылғалды ұстап тұратын зат – аэросил енгізілген. Аэросилдің қажетті мөлшері сараптамалық жолмен анықталды және 0,5% құрайды. Грануляттар құрамы 4.9 кестеде көрсетілген.

Кесте 4.9 - Грануляттардың сараптамалық үлгілерінің құрамы

Компоненттер атауы	Құрамы									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Құрғақ түйетікен экстрактысы	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50
Лактоза	48,5						28,5	20	28,5	20
МЦ		48,5			28,5	20			20	28,5

4.9 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Картоп крахмал ы			48,5		20	28,5	20	28,5		
МКЦ				48,5						
Аэросил	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5
Кальция стеарат	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0

Қою экстракттардың жоғары тұтқырлығы салдарынан қатты дәрі түрлерін: таблеткалар мен гранулаларды жасауда байланыстырыш және қалып түзгіш заттар ретінде колданады.

Бірақ ылғалдылығы жоғары болғандықтан, оларды өлшеу қындығы нақты емес мөлшерлеуге алып келуі мүмкін. Сондықтан грануляциялық қоспаны дайындау алдында, тұтқырлығын азайту мен мөлшерлеу нақтылығын арттыру мақсатында экстракты 40°C температурада қыздырады.

Грануляциялық массаға қойылатын талаптар, оның иілгіштігі, жабысқақтық қасиетінің болмауы, сонымен бірге ол гранулятор тесігі арқылы жаксы өтуі тиіс. Грануляцияны тор тесігі 2 мм болатын, зертханалық грануляторда жүргізді.


Алынған гранулятты кептіргіш шкафта $55\pm5^{\circ}\text{C}$ температурада, 5 сағат көлемінде кептіреді. Алынған өнімді тесік диаметрі 2 мм сүзгіштен өткізді, тесік диаметрі 0,5 мм № 05 елек арқылы елеп, гранулят массасының 1% құрайтын кальций стеаратпен көмкереді.

Ылғалды гранулятты кептіру параметрін таңдау дайын өнімнің сапа көрсеткіштеріне ықпал етеді. Жоғары температура әсерінен ДӨЗ құрамындағы термолабильді заттар, ыдырап, ақуыздар денатурациясы мен эфир майлары фракцияларының ұшы болады.

Сондықтан ылғалды гранулятты кептірудің температуралық параметрін таңдауда шикізаттың химиялық құрамын ескеру қажет. Одан басқа, гранулятты кептіру кезінде гранула қабатының қалындығын ескеру қажет.

Бұйра түйетікен шөбінің ұнтағы негізінде грануланған препараты жасау кезінде, 2 бөлімінде көрсетілген, әдіс бойынша кептіру режимінің параметрлеріне зерттеу жүргізілген.

Гранулалар термограммасы 4.2 суретте көрсетілген. ОУ осі бойынша температура өсімі көрсетілген, ал ОУ1 осі бойынша – осы параметрдегі гранулят массасының жоғалуы (температура-уақыт).



1 – қыздыру кезінде уақыттың салмақты жоғалтуға тәуелділік қисық сзығы

3 – температура өсімінің уақытқа тәуелділігінің қисық сзығы

Сурет 4.2 - Бұйра түйетіken шөбінің экстрактысы негізінде грануланы кептіру термограммасы


АС қисық сзығындағы тіке сзықты бөлігі 40⁰C температуда қыздыру кезіндегі салмақты жоғалтуды көрсетеді. Осындағы температураға дейін ылғалдылықты жоғалту елеусіз болады, сондықтан гранулаларды кептіру 40C температураға жеткен кезден басталады.

ВС сзығы гранулалардың 40-тан 60⁰C дейінгі температурада ылғалдылықты қарқынды жоғалтуын көрсетеді. Ары қарай температураны арттырған жағдайда, гранулалардың ылғалдылығын жоғалтуы елеулі түрде өзгереді.

Флавоноидты қосылыстар 60⁰C жоғары температурада химиялық өзгерістерге ұшырайтыны белгілі. Сондықтан, зерттеу нәтижесінде таңдалған

температуралық режим дайын өнімнің сапалық сипаттамасына негативті әсер етпейді.

Кептіру кезінде гранула қабатының қалындығын таңдау кезінде, қабаттың оптимальды қалындығы 1,5 см көп емес екендігі дәлелденді. Гранулаларды кептіру процесінің графикалық сипаттамасы 4.3 суретте көрсетілген.



Сурет 4.3 - Гранулятты кептіру кинетикасының графикалық сипаттамасы

Гранулалар 300 минут көлемінде қалдық ылғалдылығы 7,3% жеткенге дейін ылғалдылығын жоғалтады, содан кейін ылғалдылығын жоғалту баяулайды және ары қарай кептіру тиімсіз болады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша қажетті қалдық ылғалдылығы бар гранулятты алу үшін келесі параметрлерді нұсқауға болады: температура $C^{\circ}5\pm55$, кептіру уақыты 10 ± 300 мин., гранула қабатының қалындығы 3 ± 13 мм.

Сонымен бірге, біз фракциялық құрамына, көлемдік тығыздығына, ыдырауы мен гранулалардың сусымалдығына толықтырғыштың әсерін зерттедік. Зерттеу нәтижелері 4.10 кестеде көрсетілген.

Кесте 4.10 - Қою түйетікен экстракттысыванан дайындалған грануляттың технологиялық қасиеттері.

Құрамы	Гранулометриялық құрамы, %		Сусымалдылығы, г/с	Ідырауы, м ин	Қалдық ылғалдылығы, %	Ыскылауға тұрактылығы %	Көлемдік тығыздығы, g/cm^3
	2,0-1,0	1,0-0,5					
1	2	3	4	5	6	7	8
Құрам 1	53,28	35,52	3,6	4,1	1,82	95,7	0,31
Құрам 2	44,27	41,43	3,8	3,8	2,33	98,1	0,33
Құрам 3	57,50	37,50	5,6	4,3	1,92	89,3	0,29
Құрам 4	62,80	22,62	5,2	3,6	2,29	79,6	0,27

4.10 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Құрам 5	80,56	14,52	4,9	3,8	1,77	98,4	0,29
Құрам 6	50,63	31,65	6,0	3,6	1,80	94,4	0,28
Құрам 7	38,10	40,32	5,6	4,0	2,18	88,0	0,29
Құрам 8	62,82	22,60	5,9	2,9	1,82	99,6	0,28
Құрам 9	78,46	12,59	5,6	3,1	1,89	97,2	0,27
Құрам 10	70,13	16,53	5,0	3,4	2,31	96,8	0,31

Жүргізілген зерттеулер, бұйра түйетікеннің қою экстрактысында ылғалдылық құрамы $> 20\%$ болса, оны сініру үшін көмекші заттардың елеулі саны қажет екендігін көрсетеді. Бұйра түйетікеннің қою экстрактысының оптимальды ылғал құрамы 18-20%. шамасында.

Зерттеулер барлық грануляттарда тиісті фракциялық құрамы, себілудің қанағаттанарлық көрсеткіштері, ыдырауы бойынша КР МФ талаптарына сәйкес екендігін көрсетті. Бірақ төзу тұрақтылығына талаптары тек № 8 құрамда ғана сәйкес болды.


Сондықтан, зерттеу нәтижелері КР МФ талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін, гранулалардың оптимальды құрамын негіздеуге мүмкіндік берді. Гранулалар құрамы 4.11 кестеде көрсетілген.

Кесте 4.11 - Бұйра түйетікеннің қою экстрактысынан жасалған гранулалардың құрамы

№ р\н	Компонент атауы	Жоғалтуын ескере отырып, 100,0 с шаққандағы саны, г
1	Қою түйетікен экстрактысы	50,0
2	Лактоза	20,0
3	Қартоп крахмалы	28,5
4	Аэросил	0,5
5	Кальция стеарат	1,0

4.5 Бұйра түйетікен шөбінің экстрактысы негізінде гранулаларды алу технологиясы

«Гепатогран» шартты атауымен бұйра түйетікен шөбінің экстрактысы негізінде гранула алудың технологиялық схемасы 4.4. суретте көрсетілген және келесі кезеңдерден тұрады: шикізатты дайындау, грануляциялық масса дайындау, гранулалау мен кептіру, калибрөвка, грануланы опалау мен стандарттау, гранулаларды сашеттерге орамдау, сашеттерді қантамаға орамдау, орамаларды топтық ыдыска қаптау.



Сурет 4.4 - «Гепатогран» гранулаларын өндіру технологиялық процессінің схемасы

4.6 Қою түйетікен экстрактысының негізде дайындалған гранулаларды стандартизациялау

Алынған гранулалардың стандартизациясын келесі көрсеткіштер бойынша жүргізді: сипаттамасы, өзі екендігі, гранула өлшемі, кептіру кезіндегі салмағын жоғалтуы, ыдырауы, еруі, массаның біркелкілігі, құрамының біркелкілігі, микробиологиялық тазалығы, санды анықтауы.

Сипаттамасы. Бұйра түйетікеннің қою экстрактысының гранулалары дұрыс емес сфералы пішінді, кара – коңыр түсті өзіне тән иісі бар. Гигроскопиялық (КР МФ, т. 1, «Гранулалар» жалпы мақаласы).

90 % спиртте, Р(1:10) аздал тұнба түзіп ериді. (КР МФ т. I, 1, 4)

Грануланың идентификациясын жүзек қабатты хроматография әдісімен жүргеіздік (КР МФ I, т. 1, 2.2.27).

Зерттелетін ерітінді . 0,100 г грануланы 25 мл 96% спиртта Р ерітеді.

Салыстыру ерітіндісі 5 мг кверцетин Р және 5 мг рутинді Р 5 мл 96% спиртте Р ерітеміз.

Силикагель қабаты бар ЖКХ пластинкасының старт сызығына жолақ түрінде 20 мкл зерттелуші ерітінді мен салыстыру ерітіндісін жағамыз. Мұздай сірке су қышқылы Р – су Р – этилацетат Р (20:20:60) еріткіштер жүйесі бар камераға пластинканы саламыз. Еріткіштер сызығы старт сызығынан 10 см өткен кезде пластинканы камерадан шығарып, ауда кептіреді, алюминий хлоридінің 5% спиртті ерітіндісін шашып, 10 мин көлемінде дақтар пайда болғанша кептіріп, УК – сәулесінде қарайды.

Төменде зерттелуші ерітінді мен салыстыру ерітіндісінің хроматограммалардағы зоналар реті көрсетілген. Зерттелуші ерітінді хроматограммасында қосымша зоналар анықталуы мүмкін.

Кесте 4.5 - Бұйра түйетікен экстрактысының гранулаларын идентификациялау нәтижелері

Пластинканың жоғарғы бөлігі	
кверцетин: финиш сызығында ашық-сары флюoresценция	Финиш сызығында ашық-қызыл зона
рутин: сұр – көк – жасыл зона	Сұр – көк – жасыл зона (рутин)
Салыстыру ерітіндісі	Старт сызығында аспан көк флюoresценция зонасы

Санды анықтау. Анықтауды КР МФ I , т. 1, 2.2.25 сәйкес жүргеізді. Сандық анықтау. Ультра күлгін және көрінетін спектр аймағында абсорбционды спектрофотометрияны әдіс бойынша жүргізу 2 тарауда көрсетілген. .

Гиперозидке есептегендегі флавоноидтар суммасының пайыздық көрсеткішін келесі формуламын (X) есептейді:

$$x = \frac{D \cdot 1,25}{m}$$

бұл жерде

D – зерттелуші ерітіндінің оптикалық тығыздығы;

m – граммен зерттелуші ерітінді аспасының массасы.

Гиперозидтің салыстырмалы сіңіру көрсеткіші 500 тең.

Гиперозидке есептегендегі ($C_{21}H_{20}O_{12}$; M. 464,40) қою экстракттағы флавоноидтар суммасы 1,20 % кем болмауы тиіс.

Бұйрауы (ҚР МФ т.1. 2.9.1) Анықтауды 0,5 мм өлшемді торды пайдала отырып, 0,5 г аспадан жүргізеді. Гранулалар басқа нұсқаулықтар болмаса, 15 минут ішінде ыдырауы қажет.

Гранулалар өлшемі (ҚР МФ т.1. 2.9.12). анықтауды «Торлы талдау» тарауының талаптарына сәйкес жүргіземіз. Гранулалар өлшемі 0,5 - 2,5 мм шамасында болуы тиіс. Майда және ірі гранулалар саны жалпы 5% аспауы тиіс.

Құрамының біркелкілігі (ҚР МФ т.1. 2.9.5) бір мөлшерлі қантаманың салмағы 0,93-1,08 г шамасында болуы тиіс.

Микробиологиялық тазалығы. (ҚР МФ I, т.1, 2.6.12 және ҚР МФ I, т. 1, 2.6.13.) В 1 г препарата 10^4 аэробты бактерялар, 10^2 санырауқұлактар (суммалы), 10^2 энтеробактериялар және кейбір грамм теріс бактериялар болуына рұқсат етілген. 10 г препаратта *Salmonella* болуы, 1 г экстракта *Escherichiacoli* болуына рұқсат етілмейді.

Сақтауы. Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 30 °C температурадан жоғары емес.

Сақтау мерзімі. 2 жыл.

Бұйра түйетікеннің қою экстрактысы гранулаларының спецификациясы 4.13. кестеде көрсетілген.

Кесте 4.13 - Бұйра түйетікен қою экстрактысынан дайындалған гранулаларының спецификациясы

Сапа көрсеткіші	Ауытқу нормалары	Сынау әдістері
1	2	3
Сипаттамасы	Гранулалары дұрыс емес сфералы пішінді, қара – қоңыр түсті өзіне тән иісі бар.	Органолептикалық
Ерігіштігі	90 % спиртте, P(1:10) аздап аспа пайда бола отырып ериді	ҚР МФ I, т. 1, 1.4
Идентификациясы		
Флавоноидтар	Хроматограммада рутин мен кверцетин деңгейінде зоналар байқалады.	ГХ, ҚР МФ I, т. 1, 2.2.27, жұқа қабатты хроматография
Білгілілігі	3% көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.4.8
Бұйрауы	15 мин. көп емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.4.8
Гранула өлшемі	0,5 - 2 мм шамасында	ҚР МФ I, т. 1, 2.9.12

4.13 – кестенің жалғасы

1	2	3
Микробиологиялық тазалығы	Препарат ҚР МФ I, т. 1, 5.1.4, З В санатына сәйкес болуы тиіс. 1 г препарата 10^4 аэробты бактериялар, 10^2 санырау-құлактар (суммалы), 10^2 энтеробактериялар және кейбір грамм теріс бактериялар болуына рұқсат етілген. 10 г препаратта <i>Salmonella</i> болуы, 1 г экстракта <i>Escherichia coli</i> болуына рұқсат етілмейді.	ҚР МФ I, т. 1, 2.6.12, 2.6.13
Санды анықтау: - флавоноидтар	1.2 % аз емес	ҚР МФ I, т. 1, 2.2.25, Абсорбционды спектрофотомет-рия ультра күлгін және көзге көрінетін спектрде спектра
Құрамының біркелкілігі	85 - 115%	ҚР МФ I, т. 12.9.6
Контеинер құрамының салмағы	0,93 - 1,08 г	ҚР МФ I, т. 12.9.6
Орамдамасы	МемСТ 17527- 2003 сәйкес 1 г полимерлі қантама сашеттері немесе фильтр – пакеттер	АНҚ сәйкес
Таңбалануы	Этикетканың бекітілген макетін қара.	АНҚ сәйкес
Тасымалдауы	МемСТ 17768-90Е сәйкес	МемСТ 17768-90Е.
Сақталуы	Ауа кірмейтін контейнерде, жарықтан қорғалған жерде, 20 °C температурадан жоғары емес.	МемСТ 17768-90Е.
Жарамдылық мерзімі	2 жыл	АНҚ сәйкес
Негізгі фармакологиялық әсері	Гепатопротекторлы, қабынуға карсы	АНҚ сәйкес

Гранулалар тұрақтылығын анықтау бойынша зерттеулерді табиғи шарттарда орындалдық. Сақтауға гранулалардың 5 сериясы салынды, оларды әр

б ай сайын талдап тұрдық. Бақылау процесінде АНҚ жобасына сәйкес, гранулалардың негізгі көрсеткіштерін зерттедік. Зерттеу нәтижелері 4.14 кестесінде көрсетілген. Жасалған препараттың 24 ай көлемінде тұрақты екендігі анықталды.

Кесте 4.14 - Бұйра түйетікеннің қою экстрактысы гранулаларының тұрақтылығын зерттеу нәтижелері

Көрсеткіш	Сақтау мерзімі, ай .					АНҚ талапта-рына сәйкес-тігі
	Зерттеу бастамасы	6	12	18	24	
Сыртқы түрі	Гранулалар кара – қоңыр түсті өзіне тән иісі бар.					Сәйкес
Ылғалды-лығы , (3 % көп емес)	2,04±0,02 5	2,16±0,0 5	2,22±0, 03	2,38±0, 04	2,51± 0,04	Сәйкес
Ыдырауы (15 мин көп емес)	3,5 мин	3,2 мин	3,1 мин	3,3 мин	2,9 мин	Сәйкес
Гранула өлшемі (0,5-2,5 мм)	Гранулалардың негізгі фракциясы 1,5 – 1,8 мм					Сәйкес
Флавоноидтар идентификациясы	+	+	+	+	+	Сәйкес
Құрамының біркелкілігі	98,6±0,2 4	98,2±0,2 0	97,8±0, 19	97,2±0, 20	96,9± 0,20	Сәйкес
Флавоноидтардың сандық құрамы (1,2 төмен емес)	1,25±0,0 4	1,25±0,0 3	1,23±0,1 0	1,22±0, 08	1,22± 0,06	Сәйкес
Микробиологиял ық тазалығы	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес	Сәйкес

4 бөлім бойынша тұжырым

1. Белсенді заттарды бөліп алуға арналған Бұйра түйетікен шебінің технологиялық параметрлері зерттелді, соның ішінде көлемінің ұлғаю коэффициенті мен ішкі шырынның пайда болу коэффициенті, әртүрлі экстрагенттердің сініру коэффициенті, меншікті, салмақтық және көлемді шикізат массасы, кеуектілігі, шикізаттың еркін көлемі анықталды.

2. Бұйра түйетікен шебінен ББЗ экстракциялау процесіне, яғни экстрактивті және әсер етуші заттардың шығуына әсері анықталды. Шикізаттың ұсақталу деңгейінің, экстрагент табигатының, экстрагент – шикізат қатынасының әсері анықталды.

3. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде түйетікеннің кою экстрактысын алу технологиясы мен оны стандартизациялау әдісі жасалды.

4. Қатты дәрілік қалып – бұйра түйетікен экстрактысының гранулалары жасалды, олардың технологиялық қасиеттері, дәрі қалыбы стандартизациясының параметрлері мен оның тұрақтылығы анықталды.

5 ТҮЙЕТИКЕН ЭКСТРАКТЫСЫНЫң ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕГІ ГРАНУЛАЛАРДЫҢ ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІН ЗЕРТТЕУ

5.1 Түйетікеннің қою экстракттысының және гранулаларының жедел тоxикалығын анықтау

Түйетікеннің қою экстракттысының және гранулаларының жедел тоxикалығын (ЛД₅₀) Т.В. Пастушенко экспресс – әдісіне сәйкес зерттелуші заттың қауіпсіздігі туралы ақпарат алу мақсатында анықталды [18,49].

Түйетікеннің қою экстракттысының жедел тоxикалығын асқазанға енгізу арқылы жануарлардың екі түрінде: ақ тексіз тышқандар мен ақ тексіз егуекүйрықтарда зерттедік.

Тышқандарды зерттеу нәтижелері 5.1. кестесінде көрсетілген.

Кесте 5.1 - Асқазанға енгізу арқылы тышқандарда бұйра түйетікеннің қою экстракттысының және гранулаларының жедел тоxикалығын зерттеу

	Жануарлардың өлімі /жануарлардың саны				
	Мөлшері , мг/кг				
